



«ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:
ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ»
халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
17-18 наурыз 2021

PROCEEDINGS
of the international scientific conference
«PRIORITY AREAS OF RESEARCH: ANALYSIS AND
MANAGEMENT»
17-18 march 2021

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научной конференции
«ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ НАУЧНЫХ
ИССЛЕДОВАНИЙ: АНАЛИЗ И УПРАВЛЕНИЕ»
25-26 март 2021

Атырау, 2021

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ғ 96

Редакция алқасы:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

А.А. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ 96 Ғылыми зерттеулердің басым бағыттары: талдау және басқару: халықаралық ғылыми конф. мат. = Приоритетные направления научных исследований: анализ и управление: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceeding sinternational scientific conference: Priority areas of research: analysis and management. – Атырау: «Bilim Innovations Group» орталығы, 2021. – 325 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-0718-1

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-08-0718-1

© «Bilim Innovations Group» орталығы, 2021
© Center «Bilim Innovations Group» 2021

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

SRSTI 16.41.99

EXPRESSION OF WORDS OF GRATITUDE IN COMMON TURKIC LANGUAGES

Salkynbay A.B.

Cand. Sc. Philology, professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

Anuarbekova A.A.

Master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

This work provides information about the features of the use of words of gratitude in the Turkic languages. Words of gratitude tend to be used in different situations of people. In particular, in the Kazakh and Turkish languages, these words are associated with the Allah. The name of Allah is mentioned almost everywhere, helping the people to pray and comfort themselves with this.

Key words: prayers, features of prayers, applause, epic tradition, folklore.

From the time mankind began to live as society prayers and curses are an important part of the kinds of oral narrative. They form its facade. To the good or evil encountered in human relations sometimes there is a need to answer with words, such as prayer or curse.

Prayers – well-wishers are stereotypes. Prayers have the most distinct nature of surrender, faith and hope. It's their motive. Often, it is said in return for a favor seen. The person who is going across the street is beautiful and it is celebrated with good words and well wishes about it. Common today in Ancient Turkish with the word applause welcomed «blessing, liking, praising» a name derived from the verb. Applause in Turkish has also been derived from words such as «*Do not pray to Allah for the sake of one*» prayers were often referred to in primitive times, during magic. In prayer, besides words, a number of bodily actions are resorted to:

«Evvelâ Tanrı sen (işimi) rast getir, (işimi) rast getirirsen ben buradayım; dilediğim dileği yine ver, büsbütün kısırlaşmış kısrağa yavru ver; iyi Tanrı, geniş Tanrı, cömert Tanrı, bey Tanrı! Evvelâ Tanrı gök yaratmış, ondan sonra yer yaratmış. Birinci /ilk önce/ Tanrıya sığınayım, ikinci Muhammed'e sığınayım. Birine biz kul olduk, birine de ümmet olduk. Üçüncü, Tanrım, dört yara, yüz yirmi dört peygambere sığınayım...».

«First, God, you come across (my work), if you come across (my work), I am here; give again what I want, give the offspring to the completely neutered mare; good God, broad God, generous God, Mr. God! First God created the sky, then he created the Earth. First seek refuge in God, and second Muhammad. To one, we

became slaves, and to one, we became a nation. Third, God, four wounds, and I seek refuge with one hundred and twenty-four prophets...» [1].

This is usually the form of kneeling and opening hands to the sky. Sometimes the eyes closed, the body is gently moved back and forth or left to right. Hands and chin lift up, pray with eyes deep into the sky, we think it is a form of conduct that is kept alive as the balance of the heavenly faith. Prophet Muhammad prayers are known as a hadith: *«Some people pray in prayer with their eyes set on the heavens let them give up or Allah will blind them».*

His actions are blatantly forbidden. The actions displayed during the prayer depend on the intensification, but there are different shapes for various religions which can be able to do.

In the religion of Islam, prayers are encouraged by verses and hadiths. The Prayer is mentioned in the verse. The coming of prayer in the following verses clearly pointed to its significance and to whom it would be done.

«Kullarım, sana benden sorarlarsa, şüphesiz ki, ben (onlara çok) yakınım. Bana dua edince, dua edenin dileğini kabul ederim. O halde onlar da benim davetime gelsinler ve bana inansınlar (imanlarında devamlılık gösterecekler) ki doğruya erişmiş, saadete kavuşmuş olsunlar» (5-Bakara Suresi, 186. Ayet).

«And if my servants ask you about me, I am near. When you pray to me, I accept the prayer's wish. So let them come to my call and believe in me, so that they may be guided and successful» (5-Surah Baqarah, 186. Verse) [2]

«Allah'ı bırakıp kıyamete kadar kendisine cevap veremeyecek ve onların yaptıkları dua ve yalvarışdan habersiz bulunan şeylere tapandan daha sapık, daha şaşkın kim vardır?» (6-Ahkaf Suresi, 5. Ayet)

«Who is more astray and more confused than one who worships, besides Allah, that which cannot answer him until the day of resurrection, and is unaware of their prayer and supplication?» (6-Surah Ahqaf, 5. Verse).

No precaution can prevent the fate of Allah, but prayer is useful to anything that has landed and will land. Prayer meets him as trouble descends; they fight each other until judgment day. Their prayers are based on time, events and situations.

We can sort a few of them out as follows:

- Prayers in history and literary texts;
- Prayers about natural events;
- Prayers about life.

I. Prayers in history and literary texts

Prayers in history and literary texts are important in the book of Dede Korkut, a fundamental work of Turkish and Kazkah culture. At the end of many stories, Dede Korkut appears and prays. For example, Uruz Big's Prisoner Boy with the Boiler Big Son ends with this prayer. *«Yöm vereyim hanum: Yırlü kara tagun yıkılmasın, Kölkelüçe kaba ağacın kesilmesün, Kamın akan görklü suyun kurımasın, Kanatların uçı kırılmasın, Kâdir seni namerde muhtac itmesün, Çapar iken ağ boz atun büdrimesün ... «.*

Let's also note that in the Kazakh and Turkish epic tradition, prayer reading was also important. The epic poet, while performing his art, would place prayer in appropriate places, which would rather be before the epic began to tell. Here, an example of a prayer estimated to have been written in the XV century:

*Let's pray for health first, for health!
Let's pray for good, for goodness sake!
Let's pray for the state, let's pray your government!
Let us pray to friendship, my enemy na!
Let's pray good luck, good luck!
May your work be with you.
We ask Hak to keep the table open!
People who don't like you, a thousand and a half!
Instead of black moles on their faces, let the red sky be herpes!*

II. Prayers related to natural events. They are sung in rhymes

1. Prayers for rain

*We always fainted from hunger.
We're broke with thirst.
We're on a thorn.
Amen amen amen!*

2. Prayer read when the moon appears

*I saw the moon, Allah.
Amentu billah.
Whatever sins I have,
Forgive me, Allah.*

III. Prayers about life

When a favor is seen, it is said, but it is also expressed when desires are made. Prayers and wishes of separate importance in Kazakh and Turkish folklore are sometimes sung in the form of rhymes and lullabies. Some of these diverse prayers include:

1. Prayer at lullabies

*Aldi-aldi, my white baby,
Lie in the white crib, baby!
Don't cry, my baby, don't cry,
Let me bite the bone.
Baikutan's tail
Let me tie it.
Aldi-aldi, my white baby,
My sheepskin hat,
Although bad for people,
My favorite white baby![3].*

1. Rhyming prayers read in bed before sleep

*I lay down to my right,
I said Bismillah.*

*I turned to my left,
I built a fortress from Nur
I took refuge in my Subhan[4]*

2. Prayers read for the child to walk

Yürümeyi geciktiren çocuk, ayın ilk Cuma gününden başlamak için üst üste üç hafta boyunca kollarından tutulur, ileri geri sallanır ve aşağıdaki kelimeler söylenir:

*İzin ver Allah'ım,
Yavrum yürüsün.
Selâlar verilsin,
Çocuğum yürüsün*

3. Fire prayer (in rhyme form):

*Bismillahirrahmanirrahim.
Yaktım seni Hak için,
Yan Muhammed aşkına.
Nârın nûr olsun.
Tütünün asümane çıksın.*

4. Prayers recited during the test (in rhyme form):

A student who enters the test, in order for his test to pass easily, puts a pin in the door before entering and says the following prayers through it.

5. Wish for dough:

The woman kneading the dough sings the following rhyme to make her dough swell:

*Adım Eşe,
Hamurum coşa.
Ben gelmeden,
(İ)leğenden aşı [5].*

Form and meaning features of prayers

1. Prayers can be said for almost every person, and usually cries like Allah, or My Lord are brought to the head. The prayers that a person says for himself are a prayer to Allah:

*Allah, save me from this adversity.
God help you.*

My Lord, make my grave bountiful, and make a path to Paradise.

2. Prayers, rather, are said to the second and third parties. These prayers are words that are said with very sincere feelings and are the equivalent of the kindness seen.

*Allah give me the chance to achieve a success.
Allah give me the chsnce to have a baby.*

3. There are also prayers that are said without a favor. It is also possible to pray for people who are loved and want to be happy. For example, a person who is addicted to alcohol or any drugs, such as heroin, marijuana, morphine, to get rid of it: Let Allah be your helper!

A convict to get out of prison:	May Allah save him, May God grant you patience.
For a soldier's thesis:	May Allah grant you safe and sound travel.
When approached by a working person:	Good luck.
For a student:	Give you the convenience of Allah. God bless the mind.
For a newly opened workplace:	May Allah bestow good profits.
For the newlyweds:	May Allah be happy and happy.

Such prayers sung in the form are some of them. These examples can be replicated further, depending on age, work, and situation.

3. Prayers are short and simple expressions, and they are usually in canonical sentences.

May Allah give according to his heart.

Heaven be your place.

Let the stove burn.

4. Some are measured and rhyme.

Bless your age, bless your head.

5. The dilemma can be said in the form of trilogy and quatrain.

Allah forbid your hand.

(Bless) your tongue from lies...

Long life like water.

Let it be the fall of the wedding.

Have a son, a daughter.

6. Some prayers are performed with verbal arts such as taşbih and contrasts.

Black brow, olive eyes

White-faced, truthful,

Silk hair, bronze wrist,

Be clean-hearted.

7. Prayers, whose main purpose is to be said for the good of people, are divided into two parts: life and the hereafter. Those related to life, body organs (face, eyes, mouth, heart, feet, legs, hand-arm.), disease-health, wedding, holiday, property, mother, father and relatives are related.

Don't let me see your bitter face.

May Allah not show what hunger is.

May God give health to your parents.

May Allah show the face of the son.

May Allah grant you what you have.

Don't let your hands see the trouble.

Don't let your eyes get wet.

How many holidays you will see!

Let January be all right.

Be a neighbor with your son and daughter.

You have many offspring. In matters of religion and the hereafter, the following kinds of prayers are also given:

Be one of the righteous servants of Allah.

Let not Allah separate faith from the Qur'an.

May Allah give the wealth of faith.

May Allah have mercy on you from the fire of Hell.

There are some prayers that are in the appearance of a curse. These are rather words that are said during child caresses and express compassion.

Don't let break your hand,

Don't let blind your eyes!

References

1 Abdulkadir Inan, Shamanism in History and Today-Materials and Research, Ank., 1972, p. 139 and 142.4.

2 Celâl Yildirim, Quran Meâl ve Tafsiri, Ist., 1982, p. 28. 6. Celâl Yildirim, a.g.e., p. 503.

3 Âmil Çelebioğlu, Turkish Lullabies Treasure, Ist., 1982, p. 47. 15.

4 Kadir Pürlü, Sivas Karalar Village Nursery Rhymes, Riddles, Mani and Prayers, TFD, 1986/1, Ank., 1986 p. 276-277.

5 Nail Tan, Measured Words in Our Folklore, Ist., 1986, p. 67-68.

ҒТАМР 03.20

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДА БОЛЬШЕВИКТИК ҰСТАНЫМДАРДЫҢ БОЙ КӨРСЕУІ

Нұрахимова Ж.Ф.

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Аталған мақалада Кеңес үкіметінің орнауы мен одан кейінгі тұстағы большевиктер билігінің оқу-ағарту саласына қатысты жасаған іс-шаралары көрсетіледі. Қазақстан аймағында оқу-ағарту, оның ішінде сауатсыздықпен күрес, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда мектеп үйлерін ұйымдастыру, 8 бен 55 жас аралығында халық сауаттылығын қамтамасыз ету

жұмысымен қатар коммунистік идеология жұмыстарының жүргізілуі баяндалады. Сонымен бірге әйел азамттарының да білім алуы мен оларды идеялық-саяси тәрбиелеу жұмыстары аталып өтіледі.

Түйін сөздер: сауатсыздықпен күрес, саяси тәрбие, идеология, мектеп үйлері, үйірмелер.

1917 жылы билікке келген Кеңес өкіметі өзінің алғашқы съезінде лениндік ұстанымға сәйкес «барлық билік жергілікті жерлерде жұмысшы, солдат және шаруа депудаттарының Кеңесіне өтеді», дей отырып, барлық Ресейде қоныстанған ұлттарға болашағын анықтауға құқық беріледі деп сендірумен болды. Өкіметтің өзінің алғашқы басқару жылдарында мәдени құрылыс мәселесіне аса назар аудара отырып, бұқара халықтың арасындағы сауатсыздықты жою жұмысына мән берді. Бұл жұмысты большевиктер тез арада ұйымдастыра отырып, оны жан-жақты жүргізу мақсатында 1918 жылы 26-шы маусымда өкіметтің «РСФСР-де халыққа білім беру ісін ұйымдастыру туралы ережесін» қабылдайды [1]. Аталған Ережеге сай халыққа білім берудің губерниялық, уездік және болыстық бөлімдерін құру және мектеп құрылысына еңбекші халықты тарту үшін халыққа білім беретін Кеңестер ұйымдастыру қарастырылады. 1919 жылы 26-ші желтоқсанда Кеңес өкіметінің «РСФСР халықының сауатсыздығын жою туралы» декреті жарияланған соң, барлық аймақта 8 бен 50 жас аралығындағы оқи және жаза алмайтын республиканың тұрғындарын өз ана тілінде сауат ашу ісіне міндеттейді. Оған сәйкес бұл ережелерді орындамау жағдайына қатаң шаралар қолданылды.

Алғашқы кезекте 1920 жылы құрылған сауатсыздықты жоюға қатысты төтенше комиссия сауатсыздық жою пункттерін, үйірмелер мен қысқа мерзімді курстар ашумен болды. Алайда бұл іс-шаралар бірден өзінің нәтижесі жұмысын көрсете алмады, олар арнайы мектеп үйлері ретінде ұйымдаспағандықтан оқу құралдарының жоқтығы, педагогикалық білімі бар мұғалімдер санатының жетіспеушілігі байқалды. Сонымен бірге өлке халқының басым бөлігінің көшпелі және жарылай өмір салтын ұстануы мен азамат соғысының салдарынан халықтың материалдық жағынан кедейленіп, 1920-1921 жылдары халық шаруашылығының күйзелісі де бұл істің дамуына түрлі қиындықтар алып келді. Десек те, алғашқы кезде мектептер мен түрлі сауат ашу курстары депудаттар кеңесінің, ревкомдардың және басқа да мемлекеттік құрылымдар шешімдерімен, сол сияқты интеллигенция өкілдерінің ұсыныстарымен, тіпті хат тануға ниет білдірушілер бастамасымен ашылып жатты. Алғашқы кезеңде Верный, Семей, Ақмола сынды қалалармен қатар оқу-материалдық мүмкіншілікке ие елді-мекендерде мектептер ашылды. Ал 1923 жылы шала сауаттылар үшін мектептер ашылса, 1924 жылдың ақпан айында Қазақстанда Бүкілодақтық «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының бөлімшесі құрылады. Сауатсыздықпен күресу жолындағы тағы бір қиындық – жаппай ашылған сауатсыздықты жою мектептерінің тиісті даярлығы бар педагогтармен қамтамасыз етілмеуі. Сондықтан 1920 жылы 1-10 тамыз аралығында

Орынборда 4 апталық сауатсыздықты жою инструкторларының курсы ашылып, оған 18 жастан жоғары қыздар мен жігіттер алынады. Курстың мақсаты – тыңдаушыларды бітіргеннен кейін басқаларды оқытуға даярлау. Сондықтан курсқа түсушілерге мынадай талаптар қойылды: ең алдымен, олар өздері еркін оқып, оқығандарын аударып білуі және арифметикалық төрт амалды білуі қажет болды. 1919 және 1920 жылдары Орынборда, Ордада және Семейде Халық ағарту институттары ашылды. Бұл оқу орындары арнайы орта білімді мұғалімдер кадрларын даярлады. 1919 жылы қазақ жастарының бір тобы Қырревкомға өздерін Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын 3 жылдық мұсылман курстарына стипендианттар етіп жіберуге өтініш жасады. Оң шешім шығарған Қырревком өзінің мүшелерінің бірі С.Меңдешевке «мұғалімдер курсының жағдаймен танысуды» тапсырды. Жалпы 1920-1921 жылдар аралығында сауатсыздықты жою ісімен 2412 қызыл отау жұмыс жасап, оқу-үйі атқаратын міндеттерді орындады және осы жылдары 72 232 адам сауат ашуға мүмкіндік алады [2].

Қазақстанда Кеңес билігінің орнығуына орай сауатсыздықты жою үрдісі алғашқы кезекте Түркістан Халық ағарту комиссариаты мен Қырревкомның мектеп бөлімін құру ісімен нақтыланды. Жаппай сауатсыздықпен күрес жұмысының мақсаты мен міндеттерін, оның негізгі мазмұнын қалалар мен елді-мекендерде түсіндіру және сауатсыздықты жою бойынша курстар ұйымдастыру туралы 1918 жылы 26 шілдеде Түркістан Халық ағарту комиссариатының Ережесі, 1919 жылы 3 желтоқсанда Түркістан Кеңесі ОАК-нің ересектер арасындағы міндетті оқуды енгізу туралы Декреті толықтай нақтылап берді. Халық ағарту комиссариатының Ережесінде «әр орында және әр ауылда, курстар ұйымдасуына нақты көрсетілгендіктен, оқу курстары ересектерді оқу және жазу үйретуде шектелмеуі белгіленді. Сауат ашушы ересектерге хат танып қана қоймай:

а) ойды дамыту, жалпы білім беру;

ә) отанымыздың өндіргіш күштерін жетілдіру ісінде жергілікті жерде елеулі маңызы бар нақты қолөнер кәсібіне үйрету;

б) Мәдениет үйлерін, көркемөнерпаздар ұжымдарын т.б. ұйымдастыру жолымен эстетикалық және қоғамдық сананы дамыту мақсаты негізге алынды. Оқу курстарының оқу жоспарына жалпы білім беретін пәндер «оқу мен жазу, арифметика, табиғаттану, бухгалтерлік есеп және т.б. сондай-ақ өнертану, ән сабағы, сурет салу, драмалық шығармаларды оқу енгізілді. Ал білім алушылардың міндетіне саяси экономия, әлеуметтану, революциялық қозғалыстар мен саяси партиялардың тарихын меңгеру жүктелді [3].

1919-1923 жылдары Қазақстанда сауатсыздықты жою науқанын бастау барысында біршама кедергілердің бар екендігі байқалды: халықты оқытуға жарайтын маман кадрлардың жетіспеуі; Жаңа оқулықтардың жоқтығы және жазу құралдарының жеткіліксіздігі; Қалаларда әсіресе ауылдық жерлерде білім беру органдарының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі. Қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы 1923 жылы «ашылған мектептерге бөлінген ақша 2616 мұғалімдер мен кітапханашылардың жалақысына ғана жетеді.

Балаларды оқумен толық қамту үшін 20 мыңнан аса мұғалім керек» екендігін айтты. Губерниялық атқару комитеттері мен болыстық және ауылдық биліктегі мектептерді халықтың өзі ашуға атсалысу қажеттілігі, олады ұстап тұруға өздері қаржы шығарып, ал тұрмысы нашар кедей отбасылары балаларына тегін білім беру ісіне ұсыныс білдірді. А. Байтұрсынұлының үлгісі, ой-әрекеті мен жалынды сөздері ескі ағартушы-ұстаздарды оқыту жұмысын жаңа жағдайда жалғастыруларына үлкен ықпал етті. Соған орай қазақ интелегенциясының алдына елдегі жаппай сауатсыздықты жою міндеті қойылды. Мұнда еуропалық үлгідегі оқу орындарын, мектептер мен училищеде оқығандар, орысша тіл білетіндер сауаттылар санатына жатқызылса, ал мұсылманша хат танығандар сауаттылар қатарына жатпады. Тікелей А. Байтұрсынұлының басшылығымен жер-жерде облыстық, уездік халық ағарту мекемелері құрылып, бұл істің мамандары жұмысқа келді. 1921 жылы 18-25 қаңтарда Орынбор қаласында болып өткен халақ ағарту мекемелерінің бүкіл Қазақстандық бірінші конференциясында А. Байтұрсынұлы баяндама жасайды. А. Байтұрсынұлы баяндамасында ағарту саласындағы кездескен қиындықтар мен кемшіліктер жөніне де тоқталып өтеді. Мәселен, көптеген мектептер үймен қамтамасыз етілмегендігін, ал қамтамасыз етілгендердің өздерінің жылу жүйесінің жоқтығын, оқушыларға арналған оқулықтардың жетіспеушілігін, кейбір жақсы мектеп үйлері әскери мекемелерге берілгендігін, ал босатылғандарының өздері қолдануға келмейтіндігін, мектеп қызметкерлерінің жағдайының төмендігі және олардың ешқандай материалдық жағынан қамтамасыз етілгендігін баса айтты. Сондай-ақ, мұғалімдерге төленетін жалақының аздығы мен сол жалақыны мерзімімен ала алмайтындығы, міне осындай материалдық жағдайының болмауынан мектептердің жабыла бастағандығын атап көрсетті.

Осы жылдың 21 ақпанында Қазақ АКСР-і Орталық Атқару комитетінің төралқасы А. Байтұрсынұлының баяндамасының мәтінімен танысып, Орынбор Халық Ағарту комиссариаты белсенді комиссариат деп жарияланып, республикалық барлық оқу орындары мен сауатсыздықты жою ісіне жан-жақты көмек шараларын көрсетуге міндеттенді. Соған орай қазақ мәдениетіне қатысты барлық мәселелерді шешу Қазақ АКСР-нің Халық Ағарту комиссариатына тапсырылды. Нәтижесінде Халық Ағарту комиссариатының ұсынысымен 1921 жылы 26 шілдеде Қазақ АКСР-і Атқару Комитеті қазақтардың сауаттарын ашу жұмысына он алты мен елу жас аралығындағы барлық қазақтарды мобилизациялау туралы қаулы шығарады [4].

Жаппай сауатсыздықты жою науқаны қоғам өміріндегі барлық іс-әрекеті мемлекет қарамағына көшіру, мәдениет пен жеке адамның үстінен қатаң саяси-идеологиялық өктемдік жүргізу жағдайларында өтті. Мәселен, 20-жылдардың соңына қарай қазақ жазу әліппесі араб графикасынан латынға, он жылдан кейін латын графикасынан қазіргі кириллицаға ауыстырылды. Бұл бір адамның бастауыш білімді үш қайтара оқуына мәжбүр етті. Сонымен бірге сауатсыздықты жою ісіне 1931-1933 жылдардағы сұрапыл аштық та өзінің кері әсерін тигізді.

Бүкіл олқылықтар мен сауатсыздықты жою науқанына қатысушы топтың бірі Қазақстан жастары мен ұйымдары болды. Партия ұйымдары идеялық-саяси тәрбиелеу мен сауаттандыруды жастар мен мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі арқылы жүзеге асырып отырды. Қазақстан жастары мен ұйымдары партия тапсырмасымен идеологиялық және мәдени майдандарға қатыса отырып, өсіп келе жатқан буынды социализм рухында тәрбиелеу тапсырмасы бойынша жұмысқа жегілді. 1924 жылдың қаңтар айында Қазақстанда «Сауатсыздық жойылсын» ұйымын құру жөнінде жұмыстар жүргізілді. 1924 жылдың 17 ақпанда өткен алғашқы ұйымдастырушылық жиналыста Қазақстандағы сауатсыздықты жою ұйымы (СЖҰ) рәсімделді. Олардың негізгі мақсаты сауатсыздықты жою болғанымен олар жергілікті жерлерде жұмысшы, шаруа, малшылар қатарын социалистік құрылысқа тартумен және сауатсыз село халқын бар күш жігері мен қаражаттарын қоғамдық іске жұмсауға үйрету сияқты коммунистік идеологияның принциптерін насихаттаумен де айналысты.

1928 жылдың мамыр айында өткен БЛКЖО ҮІІ съезі коммунистік партияның сауаттылық жолындағы нұсқауларын орындауда мәжбүр бола отырып, жастарды сауатсыздықты жою күресіне қатысуға бағыттады. 1928 жылдың 1 тамызынан бастап, сауатсыздықты жою айлығын өткізу туралы шешім қабылдады. Сауатсыздықпен күрес жәніндегі жергілікті комиссияларға көмек ретінде, сауатсыздықты жою жұмысына бір мың комсомолды жіберетін болды. Съезд әрбір сауатты комсомолға сауатсызды оқытуды міндеттеді. Съезд бұл шараны комсомолдың сауатсыздықпен күресудегі қызметін партияның маңызды нұсқауларының бірі ретінде қарастырды. Бірақ партия асыра мақтап кәрсеткендей бұл шешімдер қағаз жүзінде әдемі жазылғанымен, іс жүзінде таңданарлықтай бола бермеді. Партияның тапсырмасын мүлтіксіз орындау және атқару сол заманның негізгі қағидасы болды. Сөйтіп, жастар ұйымының қатысуымен мәдени сапар ұйымдастыру қолға алынды. Мәдени жорық ауа райының қолайсыздығына қарамастан 1928 жылдың қарашасы, тіпті желтоқсан айларында басталды. Қазақстандағы жастардан құралған мәдени сапар комсомолдарды жұмысқа жұмылдыра отырып, қазақ өлкелік комитеті сауатсыздықпен күресу үшін екі айлық курстар ұйымдастырды. Бұл курстарға қоғамдық және комсомолдық жұмыстарда белсенділік таныта білген, мектеп білімі бар және педагогикалық жұмысты жүргізуге қабілетті жастарды жіберіп отырды. Қазақстан комсомолы екіжылдық мәдени-ағарту жұмысын атқару мақсатымен, ауыл мен селоға 408 мәдени жауынгер мен қосымша 226 жастарды жұмылдырды [5]. Жастар ауыл мен селоларға жөнелтіліп, сауатсыздықты жоюшылар ретінде іске кірісті, ал жастардың бір бөлігі оқытушылар жетіспеген бастауыш мектептерде және оқу үйлерінің басқарушылары болып жұмыс жасап жатты. Десек те, бұл білім беру ошақтарының әлі де болса толыққанды жұмыс жасамағандығын, негізінен халықты тек алғашқы сауатын ашумен ғана шектелгендігін байқауға болады.

Сонымен бірге оқу-ағарту саласында алғаш рет қазақ және шығыстың аз ұлт қыздарын мектепке және жалпы алғанда әйелдерді білім беруге тарту, тәрбиелеу туралы мәселеге де ерекше назар аударылды. Мәселен, 1927 жылдың

19-қаңтарында бұл мәселе бойынша Коллегияның арнайы қаулысы шығарылып, жергілікті жерлерге – қыздарды жаппай оқу орындарына тарту, біршама әйелдердің мектептерін және басқа да мәдени-ағарту мекемелерін ашу жөнінде кең науқанды жүргізу туралы нұсқаулар беріледі [6]. Осы мақсатта қазақ қыздары мен әйелдеріне арнап арнайы мектептер ашылып, 1926-1927 оқу жылында ауылдағы бастауыш мектептерде қыздар азшылық болса да білім ала бастайды. Ал 1927-1928 оқу жылында ауылдағы бастауыш мектептегі қазақ қыздарының үлес салмағы 11,1%-ға дейін көтеріледі [7]. Бұл жұмыстарды жандандыруда кеңестік «Қызыл отаудың» жұмысы ерекше болып, олар әйелдердің сауатын ашу, денсаулық-тазалық жұмыстарын жүргізу, заң жағынан кеңес беріп қорғау және жалпы саяси-тәрбие жұмыстарымен айналысты. Әсіресе «Қызыл отаулар» әйелдер арасында сауатсыздықты жоюда ең негізгі күш бола отырып, сауатсыздықты жою пункттері ашылып, ауылдың ересек тұрғындарын тартумен айналысты. Отаудағы сауатсыздық-ты жою ісіне тек әйелдер ғана тартылып қоймай, ер кісілер де қатысты. Бірақ көпшілік жағдайда қалам, қағаздың жетіспеушілігінен және сол кез үшін мектеп құралдарының тапшылығынан әйел, ер адамдар оқуды тастауға мәжбүр болды. Отаудың жұмысын насихаттау және әйелдер мәселесін жан-жақты қарау әйелдердің баспасөз органын шығару қажеттігін туғызып, соған орай 1925 жылдың мамыр айынан бастап «Теңдік» газеті жарық көре бастады. Ал 1926 жылдың қаңтарынан бастап «Әйел теңдігі» журналы ұйымдастырылып, оның тұңғыш редакторы С. Есова болды.

Сонымен бірге партияның нұсқауымен 1928 жылдың наурыз айындағы Қазақстан Орталық Комитеті Президиумының мәжілісі әйелдердің білім алуына, яғни қазақ қыздарына интернаты бар мектеп шеберханаларын ұйымдастыру үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу туралы арнайы мәселе қарастырылады. Сол жылдың сәуір айында БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің пленумы «Қазақстандағы мәдени құрылыстың міндеттері туралы» мәселені қарай отырып, әйелдерге білім берудің маңызын ерекше атап көрсетіп, көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарда, сондай-ақ қышлақтарда қыздарға арнап бастауыш мектептерін ұйымдастыруды ұсынды [7, 11 б].

Осылайша, өз кезегінде кеңестік билік халақ ағарту саласын жандандыру, әсіресе сауатсыздықпен күрес ісінде көптеген жұмыстар атқарды. Әйел азаматтар да ер азаматтармен теңестіріле отырып, сауат ашу, оларды саяси тәрбиелеу жұмыстары да атқарылып жатты. Дегенмен, бұл саяси-ағарту жұмыстарында маркстік-лениндік идеология кеңінен қанат жайып, халық санасына интернационализм идеясын сіңіруге тырысып жатты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Омарбеков Т. Саутсыздықты жою: науқаншылық және оның салдарлары // Ақиқат, 1996. №2, – 30 б.

2 Историография Казахстана: уроки истории. – Алма-Ата: Рауан, 1990. – 134 с.

3 Алдажұманов К.С. Тоталитарный социализм :реальность и последствия. Алматы; 1997. – С 278 .

4 Садвокасова К. «Развитие женского образования в Казахстане (1920-1932 гг)» Автореф канд. пед. наук. – Алма-Ата, – 1966. С. 17.

5 Купенова Г.Ы. Деятельность Н.И. Ильминского в истории школьного образования нерусских народов Урало-Поволжья II половины XIX века // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2006. – № 1 (40). – С. 78-83.

6 Байтұрсынов А. Оқу жайы // Қазақ. – 1913. – 21 сәуір.

7 Есқызы С., Баранова С. Қызыл отау. – Қызылорда: Қызмем баспасы, – 1927. – 72 б.

ГРНТИ 21.21.31

ЗНАЧЕНИЕ РЕЛИГИИ В ПЕРЕСМОТРЕ ГЕНДЕРНЫХ РОЛЕЙ В КОНТЕКСТЕ УЧАСТИЯ ЖЕНЩИН В ВОПРОСАХ МИРА И БЕЗОПАСНОСТИ

Дюсенова А.

Магистрант, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан

Несмотря на международные обязательства и законы на обеспечение равенства прав и возможностей мужчин и женщин во всех сферах жизни, по-прежнему остается низкая представленность женщин в решении вопросов укрепления мира, доверия и безопасности. Пересмотр гендерных ролей в полной мере еще не обеспечен ни в одной стране. В данной статье принимая во внимание возможности религии в плане воздействия на общественное сознание, автором предпринята попытка рассмотреть роль религии и участие религиозных лидеров в контексте вовлеченности женщин в решение вопросов укрепления мира и безопасности.

Ключевые слова: Казахстан, религия, ислам, резолюция 1325, женское религиозно – теологическое образование.

Традиционно, о положительной значимости роли женщины при их равном участии в общественной жизни, свидетельствуют несколько причин:

например, женщины являются первыми учителями и наставниками для следующего поколения; их уровень образования имеет огромное влияние на формирование физического и социального благополучия семьи; их участие в экономической деятельности ведет к экономическому прогрессу; их участие в общественной жизни улучшает государственное управление и снижает уровень коррупции. Однако, несмотря на положительную картину при равном участии женщин, по-прежнему половина населения мира неспособна в полной мере реализовать свой потенциал, в результате женщины продолжают нести прямые издержки за сохраняющееся гендерное неравенство.

За последние несколько десятилетий международным сообществом разработаны ключевые документы в области защиты прав человека, в которых формулируются права женщин, содержатся нормы о прекращении всех форм гендерной дискриминации и излагаются стратегии достижения равенства между мужчинами и женщинами во всех сферах. Одним из таких документов является Резолюция 1325 Совета Безопасности ООН, с момента принятия которой прошло 20 лет [1]. Однако, в Государственной программе по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Казахстане на 2018 – 2022 годы не содержится гендерного анализа [2]. В действительности, национального плана по имплементации резолюции 1325 в Казахстане не было принято, в отличие от соседних стран Центрального азиатского региона Кыргызстана, Таджикистана и до сегодняшнего дня идея реализации данного плана, находится на уровне общественных осуждений с участием представителей государственных органов, национальных и зарубежных экспертов, а также международных организаций.

Осознавая возможности религии в плане воздействия на общественное сознание, в данной статье предпринимается попытка рассмотреть роль религии и религиозных лидеров в продвижении прав и возможностей женщин в укреплении мира и безопасности. Например, во многих странах, находящихся в зоне политического либо национального вида конфликтов именно религиозные организации во главе с их лидерами, остаются единственными сохранившимися институтами напрямую воздействующих с обществом. Поэтому, в случае если власть находится в руках радикально настроенных религиозных лидеров, транслирующих искаженное представление о роли женщины в контексте современных жизненных реалий, риск того, что женщины и дети окажутся жертвами насилия, существенно повышается. Например, это является одной из причин возникновения религиозного экстремизма с участием женщин и детей. В результате религиозные деятели – приверженцы радикального религиозного течения, могут оказывать косвенное воздействие на формирование общественных гендерных ролей в государстве на уровне транслирования в общественном сознании идей о том какую роль женщинам мусульманкам следует занимать в общественной жизни, и какими правами они обладают в контексте религии и культуры.

Несмотря на исторически продолжительную идеологию социализма, направленную на эмансипацию женщин, где роль женщины заключается в

равном участии с мужчинами в социально-экономической жизни общества, ввиду культурных и религиозных взглядов, советские «феминистские» беждения не были по настоящему приняты казахстанским обществом где роль женщины тесно связана с вопросами семьи и материнства. В результате, потому что сектор мира и безопасности может представлять «опасность» для материнства – женщины не приветствуются в этой сфере. В принятой Концепции семейной и гендерной политики Казахстана на период до 2030 года, вопросы гендерного равенства тесно увязаны с вопросами семьи – подобный подход продолжает закреплять традиционные стереотипные представления о роли и обязанностях женщин в семье [3]. В свою очередь, в рамках Плана мероприятий по реализации Концепции в период с 2020 по 2022 годы 3 мероприятия из 47, направлены на продвижение гендерного просвещения и расширения участия женщин в обеспечении мира и безопасности [3].

Исторически сложившаяся разница в гендерных ролях, по-прежнему значима и актуальна сегодня в Казахстане, и это подрывает законы в сфере равноправия и антидискриминации. Сохраняющееся разделение традиционно «женских» и «мужских» сфер оплачиваемого труда в Казахстане, оправдание которого чаще всего содержится в естественных различиях между полами, приводит к тому, что существующее неравенство в казахстанском обществе не признается как противоречащая конституционным гарантиям равенства между полами. В действительности, как показывают исследования, гендерных различий, связанных с биологией, недостаточно, чтобы понять все разнообразие гендерных ролей с участием женщин в сфере мира и безопасности. Кроме того, в свете глобальной тенденции, направленной на развитие технологий, а также привлечение профессиональных сотрудников вне зависимости от пола, но с необходимыми навыками и компетенциями способствовало бы повышению эффективности участия женщин и повышению их роли. В этой связи, учитывая роль религии и культуры в деле формирования представлений о роли женщин в обществе, необходимо обеспечивать участие религиозных организаций и их лидеров в принятии мер по содействию осуществлению программы действий в области обеспечения гендерного равенства и продвижения роли женщин.

Таким образом, резолюция 1325, направленная на обеспечение участия женщин наравне с мужчинами в решении вопросов мира и безопасности, безусловно влияет на политическую повестку в стране, но не представляет собой политическую значимость первостепенной важности. Одним из возможных путей достижения позитивных изменений является вовлечение лидеров из числа женщин с религиозным образованием, которое позволит транслировать в обществе идею пересмотра гендерных ролей и в результате мобилизовать институциональные, культурные и правовые ресурсы, которые будут способствовать осуществлению усилий для обеспечения равенства между мужчинами и женщинами в Казахстане.

Литература

1 В центре внимания: Женщины, мир и власть. (2021). Retrieved 16 March 2021, from <https://eca.unwomen.org/ru/news/in-focus/women-peace-security>.

2 Об утверждении Государственной программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2018-2022 годы – ИПС «Әділет». (2021). Retrieved 16 March 2021, from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000124>.

3 Указ Президента Республики Казахстан от 6 декабря 2016 года № 384 «Об утверждении Концепции семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года». (2021). Retrieved 16 March 2021, from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37778759.

ҒТАМР 17.82.31

Е. БУКЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЫ ЖАЙЫНДА

Шапай М.А.

Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мақалада Е. Букетовтің көркем-деректі шығармаларының жанрлық сипатын саралау арқылы көркемдік, идеялық-эстетикалық ізденістерін ашу көзделінген. Осы тұрғыда, жазушының «Шоқанның шуақты шұғыласы» атты повесінің идеялық мазмұны, оқиғалық табиғаты мен тақырыптық маңызы көркем кестеленіп, «Жас Қаныш» деп аталатын деректі хикаятында ғалым өмірін ел өмірімен тұтас бірлестікте бейнелеу арқылы берілгені сөз етіледі. Сонымен қатар, жазбагер қаламгердің өздік жазу стилі мен көркем бейнелеу тәсілдерін нақты мысалдармен дәйектейді.

Түйін сөздер: Е. Букетов, Шоқанның шуақты шұғыласы, Жас Қаныш, Ш.Уәлиханов, повесть жанры.

Е. Букетовтің шығармалары ішінде повесть жанрында жазылғандары басым көпшілігі болып келеді. Өз повестерінде білім мен ғылым саласындағы ардақты адамдарды тақырып етіп ала отырып, ол адамның балалық шағынан бастап сол күнге дейінгі жеткен жетістіктеріне кеңінен тоқталады. Осылай

кеңінен толғауға повесть жанрының әлі келеді екен. Е.Букетовтің «Шоқанның шуақты шұғыласы» атты повесінен уақыттың бірсыпыра ақиқаты елестейді. Идеялық мазмұны, оқиғалық табиғаты мен тақырыптық маңызы көңіл бөлерлік дәрежеде жазылған деуге болады. Олар мыналар: автор кейіпкердің балалық шағынан бастап, қайтыс болғанға дейінгі кезеңін, алмағайып жағдайлардағы іс-әрекеттерін, мінезі сыналар кезеңдерін тізбелеп көрсетіп шыққан. Шығармадағы негізгі идея Ш. Уәлихановтың өз жұрты ішінен алғашқылардың бірі болып Ресейге қазақ деген халықтың мән-жайымен таныстыруы, орыстардың алдында көзі ашық білімдар ізденуші болып мойындалуы, қазақ елінің қамқоршысы санатында қызмет етуі асқақ мақсат пен жарқын істің ізі екенін жазушы негізгі нысан етіп ұстап отырған. Он екі жасында Кадет корпусына оқуға түскен Шоқанның арада алты жыл өткеннен кейін орыс тілінің ұңғыл-шұңғылын жетік біліп шығуы, адам айтса сенгісіз білімдар болуы бірегей құбылыс. Мұндағы маңыздысы Шоқанның халық тұрмысындағы, сеніміндегі өзгешеліктерді ажырата отырып, олардың қойнауына терең бойлауын зердесінде сақтай отырып, еуропалық білім бұлағынан сусындауы бұл повестке жаңа мазмұн береді.

Бұл шығармадағы Шоқан бейнесінде көп шындық бар және онда өмірдің сығындысы жинақталған. Шоқан зиялылық тұрғыдан сатылап өскен, табанды, ізденімпаз, тәкаппар тұлға ретінде бейнеленген. Жазушы он екі жасар Шоқанды білімнің соңына шырақ алып түскен, сол үшін, өзінің ілім-ғылымға деген сусынын қандыру үшін қалаға, кадет корпусына ұмтылған талапкер ретінде суреттеуінің де жөні бар. Повесть авторы Шоқанның білім мен ғылымға құмарлығы мен ынтазарлығы табиғат сыйлаған айырып алғысыз қасиеттері екенін үнемі есте ұстап отырады. Табиғатпен біте қайнасып өскен балғын өзінің осы ерекше қабілеттеріне мән бермесе де, орыс қалаларындағы адамдар көп біледі деген сенім көңілінде ертеректе ұялағаны сенімді көрсетіледі. Бойында зеректік, қайырымдылық, өжеттік бар Шоқан даладан келген жалғыз қазақ баласы. Бірақ корпусқа келе салысымен бір ауыз орысша білмесе де өз әсерін басқа кластарға да тигізе бастайды. Ол туралы жазушы: «Мұндай жағдай мен беделге қол жеткізу оған оңайға түсті ме – бұл ойланарлық жағдай. Даланың кішкентай ғана тағылау дерлік ұлы, орысша кедір-бұдыр сөйлей бастаған ол бұл тілдің «басын жарып, көзін шығарса да» қайтпай, ілгерілей берді» [1, 46 б.]. Ол жасөспірімдер арасындағы қатты кекесін мен ауыр қорлаудан биік тұрған бейне ретінде көрінеді. Шоқан жан-жақты мүсінделген тұлға, жанды байланыс үстінде көріне білген кейіпкер деуге болады.

Повестегі тартымды тұлғаның бірі – Г.Н. Потанин. Ол Шоқанның қатарласы ғана емес, ең жақын досы, кейінірек ол Шоқанға ризалығын былай жеткізеді: «Мен өмір бойы жүретін жолдың соқпағына түстім. Оқырман бұл тұрғыда мен Шоқанға көп қарыздар екендігімді жақсы біледі деп ойлаймын» [1, 61 б.]. Ш. Уәлиханов өз уақытындағы озық идеялармен қаруланған, рухани және өнегелік биіктіктен көріне білген тұлға екені бұл шығармада толығымен жинақталған деуге болады.

Е. Букетов қолда бар ғылыми және әдеби деректерге түгел сүйене отырып, өзі қажетті деген жерлерін, типтік фактілерді іріктеп пайдаланғаны шығарманың өн бойынан байқалып тұрады. Шоқанның ғалым ретінде қалыптасу жолдары, оның еңбектерінің кейбір ғылыми маңыздары да бұл повесте ашылып отырған. Шоқан Уәлиханов ғылыми және әлеуметтік ортасы оның өз өмірімен тығыз байланыста, қайшылықтары мен келісімдері де қатар өріледі. Сырт жер, жат елде жүрген Шоқанның басынан кешкен қиыншылықтары былай суреттеледі: «Адам ойлағанымен, бұйрық Аллада ғой. Түні бойы жаңбырдың ірі тамшылары тарантастың шатыршасын сабалады да тұрды. Әбден шалдыққан аттар батпақта тайғанақтап, аяқтарын әрең алып келеді. Тек көшірдің аттарды жіті қамшылауы, шаршаған жануарлардың пысқырғаны ғана жаңбырдың бір қалыпты сарынын бұзғандай әсер етеді» [1, 78 б.], деп осындай жайсыз күндерді жиырмадан жаңа асқан жігіттің ғылым үшін басынан кешіргені жан-жақты қамтылады. Повестің жұрт таныған кейбір жанрлық сипаты – мұнда шағын шығармадағыдай бір емес, бірнеше оқиға: адам өмірінің бір не бірер эпизоды ғана емес, кезеңді құбылыстары кеңірек, дамытыла суреттеледі.

Е. Букетов «Шоқанның шуақты шұғыласы» повесінде ұлы кемеңгердің дүниетанымындағы ерекшеліктерді келістіре көрсетеді. «Шоқан өсе келе ғаламат рационалист (болмыстың, танымның, моральдің негізі ақыл деп санайтын философиялық бағытты ұстанушы) болып алды да, осының әсерінен қоғамның дамуына діни сенімдердің, оның ішінде мұсылмандықтың тигізер игі әсеріне сеніксіремей қарайтынын жасырған жоқ. Мәселен, ол мұсылман дінін «... қорқыныш пен ұрып-соғуға негізделген теологиялық заңдары бар ілім» санатында сипаттайды» [1, 37 б.]. Повесть авторы ғалымның осы тақырыптағы ойын әрі терең, әрі дәлелді негіздерге сүйене отырып қорытады.

Бұл повесте Ш. Уәлихановтың өмірбаяндық деректері арқылы жазушы жалпы Шоқан өміріндегі әйелдердің алар орнына тоқталған тұсы қызғылықты. Әйел атаулы Шоқан өмірінде елеулі орын алмағанын автор алдын ала ескерте отырып, ғұлама ғалым ынтазарлықты ақылға жеңдіріп отырғандығын алға тартады. Шоқанның досы Г.Н. Потаниннің мына естелігінен үзінді беру арқылы әйелдер жағы оның мазасын онша ала қоймағанына көзімізді жеткізеді. «Шоқан әйелдерді сүйді ме, білмеймін, Омбыда оның бірқатар әуестенген жағдайлары болды, бірақ олары тым алысқа бармайтын, тек Полонский мен Майковтың өлеңдерін байыппен оқып берумен ғана шектелетін» [1, 120 б.]. Тарихтан белгілі Петербургтен оралғанда эп-әдемі, сабырлы, қызметші қызбен әуестеніп, көп ұзамай тез салқын тартады. Бұны жазушы рухани жақындықтың жоқтығынан деп қорытынды жасайды. Шоқан өміріндегі айтарлықтай оқиға – Шоқан өлерінен бірнеше ай бұрын ғана Тезектің қарындасы Айсарыға үйленуі повесте кеңінен жазылады. Айсары бәлендей сұлу болмаса да, табиғат сыйлаған ақылдан кенде емес жан екенін жазушы былай суреттейді: «Жесір келіншектің қайғыдан қатты күйзелгені көрініп тұрды, бірақ бей-берекет жылап, айналаға мазасыздық туғызған жоқ, жалпы бет-бейнесі өте ақылды адамның кейпін танытты» [1, 121 б.], – деп аурудан әбден қажыған Шоқан өзін сүйген қызға

бақыт алып келе алмайтындығын сезгендіктен үйленбей жүріп алғанын нақты оқиғалармен дәлелдейді.

Е. Букетовтің бұл повесін оқу барысында көз жеткізген мәселе жазушы өмір материалдарын кеңінен қамтиды, адамдардың байланысының тарихына тереңдеп бара біледі, солардың бәрін негізгі идеяға бағындырып, табиғи жанастыруға шебер.

Е. Букетовтің прозалық шығармаларындағы тағы бір ерекшелігі – әртүрлі саладағы адамдардың өмірі мен тарихын қызғылықты етіп көрсете білуінде. Ол адамдардың өмірінің жасанды кестесін емес, керісінше, қай кейіпкерін алып қарасаң да өзіне ғана тиісті шыншыл ортада табиғи іс-әрекет үстінде көрінетіндігімен ерекшеленеді.

Көркем шығармаларда адам жанын, сезім дүниесін толғантар күш-қуаты мол өмір шындығы болса ғана жазушының мұраты орындалғаны. Өмір материалдарының ауқымы мен идеялық мақсаты Е. Букетов романдары мен повесть, әңгімелерінде басты рөл атқарады.

Е. Букетов – ғылым адамдарының көңіл-күйін, іс-әрекеттерін жан-жақты суреттеген жазушы. Ол өз әңгімелерінде жаңа ғылымға қадам басқан қазақ ғалымдарының өмір шежіресін жасады және жазушы осы өмір шындығын қарапайым тілмен көркемдік тартымдылықпен көрсете білді, өмірдің терең тамырларына жіті көз салып, қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырды.

«Жас Қаныш» деп аталатын деректі хикаятында елеулі өзгерістерге толы қазақ қоғамындағы тарихи оқиғалар қамтылады. XIX ғасырдың аяғындағы қазақ тұрмысы, сондағы қазақ ауылында болып жатқан оқиғалар, өзгерістер мен жаңарулар сыры мен шыны жан-жақты әңгімеленеді. Автор Қаныштың есі кіре бастаған шақтағы балалық шағынан бастап өмірде оң-солын таныған шағына дейінгі аралықтағы өмірінің ағыстарын шежіреге түсіргендей етіп жазады. Оқиғалардың мол қамтылуы, сол кезеңнің түрлі тартыстары, сан түрлі адамдардың мінезін көрсетуі, халықтың салт-сана, әдет-ғұрып, психикалық өзгешеліктері жіті білгірлікпен бейнеленеді. «Бұрынғының адамдары, ер кісілер баланы аса еркелетіп, тым емірене бермейтін. Баланы сүйіп-құшып, өбектеп жатқан әйелге ғана жарасатын қылық көрінетін. Ақсақал кісілер баланың басынан сипап, маңдайынан иіскеп қана мауқын басатын. Имантай қария кішкентай кенжесін қысқы кештерде түйежүн шекпенінің, я қалың күпісінің етегіне орап, жылы ұдай қымтап жауып отыратын. Ала жаздай бала әкесі атқа мініп ауылды аралап шықса, алдынан түспейтін» [2, 13 б.], – дей келе, әке мен баланың бір-біріне деген ықыласының ерекше болғанын тілге тиек етеді.

Қаныш Сәтбаев балалық шағында көшпелі өмір салтын көріп, оның артықшылықтарын жіті түсінген, көп қызықтарын сол толассыз көші-қон үстінде өткізгенінен де жазушы көріністер беріп отырады. Көшпелі өмір, қыстау мен жайлаудың ерекшеліктері суреттелген тұстарда табиғи таза суреттер оқушы көз алдына елестетіледі. Сырт қарағанда Қаныш Сәтбаев өскен ауылдың адамдары суреттелгенімен, сол кейіпкерлердің әлеуметтік ортасы, іс-әрекеті, нысанасы әрқалай екені өте нанымды ашылады. Жазушы әке мен баланың, аға мен інінің, ана мен баланың, бала мен әженің арасындағы қарым-

қатынастар, қазақ аулындағы осы ұғымдарға қатысты жөн-жоралғылардың неше атасын айнытпай ақиқат суреттейді.

«Жас Қаныш» деректі хикаятында көптеген ғибратты адамдардың мінездерін көреміз. Осы адамдардың қасиеттері арқылы өмір шындығы бұл шығармада ашылған және Қаныш өмірімен байланысы бар, онымен араласқан, таныған адамдардың ішінен бәрін емес, елеулі ерекшелігі бар дегендерін ғана келтірген. Сол адамдар оқырманға «таныс-бейтаныстай» әсер қалдырады. Қаныштың Шәдет ағасы, әкесінің тамыр орысы Андрей Зиновьев, еңбекқор Дүйсенбай мен Рұхия т.б. бір-біріне мінезі, ісі ұқсамайтын, небір өзгеше бейнелерді кездестіреміз. Қаһармандардың ойдан шығарылмай, тура өмірдің өзінен алынуы олардың басына үлкен табиғи нанымдылық дарытып тұрғанына куә боламыз. Шорман балаларының ішінде Сәдуақас қана қара үзіп шығып, қыр қазағынан бөлекше парасат-пайымымен, білмекке құмарлығымен, ақылды, дарынды жандарға жұғымдылығымен дараланған жан ретінде бейнеленеді. Ол – әділет жолындағы белсенді күрескер, ол – адамгершіліктің құлы болған. Оның қанағатшылдығы, өмір қызығын өзгеден қызғанбайтын дарқандығы бұл шығармада толық ашылған.

Автор деректі хикаяттың екі тарауында да жаңа өмір өлкелеріне, тың адамдар мінездеріне қанықтырады. Қаныштың балалық өмірінің қызықтары, жаз жайлаудағы, қыс қыстаудағы талай қызықтар қазақ аулының көріністерінен елес береді. Екінші тарауда әрненің парқын білетін болашақ ғалым ізетшіл-ілттипатшыл мінездерімен көрініп отырады.

Е. Букетов екінші тарауда Уахит бейнесі өзгеше сенімді және тартымды ашылған. Автор Уақыт жайына тереңдеп тоқталуды мақсат етпесе де, жол-жөнекей естіген әңгімелері, Уақытты Қаныштың көрген бір мезетін суреттеумен ғана шектелген. Сонда да болса жазушы Уахит өмірінің басты өзегін, өмірде кездескен қиыншылықтарын, жетістіктерін дәл танып айтқан дей аламыз. «Уахит бір кезде Құл атаның аулында көрінгендей әңгімешіл де емес болып шықты. Сірә, өмір шіркін ұстамдылыққа үйреткен-ау. Бірақ, біреу-міреуге сұғын қадаса тартынып қалмайды, шикандай сөздері, бірінен бірі өткен қағынды теңеулер ана қалың мұрттың астынан қарша борайтыны бар» [2, 131 б.]. Уахитпен кездескен жерде Қаныш та өзін өзі ұстап, кішіпейілділік шеңберінен аспай, сыпайы сөйлесуінің себептері де жоқ емес. Уахит өмірінің кейбір көріністерін қадау-қадау елестеткен жазушы өзгелерге де жігерлі, жалынды болуды меңзегенін байқаймыз.

«Адам табиғатының үлкен ерекшеліктерінің бірі – оның ойлана білуі, сана-сезімі десек, біздің әдеби кейіпкерлерде сол қасиет әлдеқайда жоғары болуы міндетті. Әркімнің өз түйсігі, өз көзқарасы бар, әркім өзінше сөйлейді, өзінше қуанады, өзінше ренжиді. Көркем шығармада осы жағы даралана түспесе, біздің геройларымыз ешкімнің назарын аудармайды, ешкімнің есінде қалмайды, инкубатордан шыққан балапандардай бірінен-бірі айырғысыз болады» [3, 127 б.].

«Жас Қаныш» деректі хикаятының өн бойында ұшырасатын кейіпкерлердің оқушыны қызықтырарлықтай қасиеттері баршылық.

Жазушының негізгі мақсаттарының бірі – Қаныш өмірін ел өмірімен тұтас бірлестікте бейнелеу болса, көп кейіпкерлер Қаныштың балалық шағындағы қазақ қоғамының барлық тобы мен жігін ашып көрсетуге, олардың ерекшеліктерін танытуға септеседі. Шығармадағы Уахитқа қатысты тұстар оның күш-жігері, жүйрік ойы, қоспасыз көркі мен саналы күрескерлігін Қаныш артынан мойындайды. «Тері қатса қалыбына тартады: біреулер ақыл айтып, билік жүргізу үшін, енді біреулер оларға бағынып, айтқанын орындау үшін туады дейтін тұқым қуалаушылық туралы қисын оның жан жүйесіне түбегейлі орныққан еді. Мұны оның миына қаршадай кезінен әкесі сіңірген – ол өзі де жетпіс жеті атасы мен замандастарының аты-жөнін жаңылмай айтатын, жақсы істері мен жарасымды қылықтары солардан дарыған қасиет деп танитын» [2, 159 б.]. Қаныш табиғатының үлкен ерекшелігі – оның тереңнен ойлана білуі, сана-сезімі нәзік, осы қасиеттер жоғары адамгершілікті серік еткеніне куә боламыз.

Евней Букетов өнімді еңбек еткен, ғылым мен әдебиетті қатар ұстаған, көп жазған қаламгер. Мұның басты себебі – Е. Букетовтің өмірінің мазмұндылығы, көрген-білгенінің көптігі, өмір тәжірбиесінің молдығы, сайып келгенде жазатын тақырыптарының да көл-көсірлігі болса керек. Жазушының көркем шығармаларына назар аударғанда байқағанымыз, оның шығармалары өте кең, алымды және әмбебап деуге толық негіз бар.

Е. Букетовтің көркем шығармалары туралы қорыта айтқанда, оның туындыларының барынша өміршеңдігін, қоғамдық белсенділігін, өмірде болып жатқан саяси өзгерістерге, әлеуметтік проблемаларға араласуы заңды және толымды идеяларды өмірге әкеліп, әрдайым өсіп, өркендеп, өзгеріп отыратынын байқадық. Сондықтан шын суреткер қаламынан туған көркем туындылар заман озған сайын өмір шындығының көркем шежіресі болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Букетов Е. Көкейкесті. 2-ші кітап. – Қарағанды, 2002. – 225 б.
- 2 Букетов Е. Жас Қаныш. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 170 б.
- 3 Әдеби өмір шежіресі. / Құрастырған – Ә.Нарымбетов. – Алматы: Ана тілі, 2005. –220 б.

ГРНТИ 03.03.20

МАТЕРИАЛЬНАЯ И ДУХОВНАЯ КУЛЬТУРА УСУНОВ И КАНГЮЕВ

Кикбаев Д.

Учитель, Глуховская средняя школа, Бескарагайский р., Восточно-Казахстанской обл.

В статье раскрывается история становление одной из древнейших племен Казахстана – усуней. Племена усуней и канглы выделились из сакской конфедерации племен в III в. до н.э. Усуней занимали Семиречье, канглы долины рр. Сырдарья и Талас, с прилегающими районами Каратау и бассейна р. Сарысу. Усунь лежит почти в 2 000 ли от Давани на северо-восток.

Ключевые слова: усуней, канглы, материальная культура, духовная культура, мораль, традиции.

На сегодняшний день воспитание молодого поколения творческой личностью, глубоко понимающей историю своего народа, традиции, язык, знания, человеческую культуру, человеческие качества-это требование жизни, потребность общества.

Закон Республики Казахстан об Образовании определяет основные принципы государственной политики всестороннего образования и воспитания подрастающего поколения. Это: равноправие всего человечества Республики Казахстан на получение образования, интеллектуальное развитие каждого человечества, психо-физиологические и личностные особенности, широкие возможности для населения на все уровни образования.

Материальная культура включает в себя хозяйственную и экономическую культуру. Любая культура многогранна и многолика, ее содержание окутано разнообразием видов. В социально-гуманитарных науках это многообразие чаще всего структурируется на основе видов человеческой деятельности, иногда их называют творческими полями культуры. Люди постоянно создают для себя новые цели вне своих биологических потребностей, но остаются обладателями биологической души. Поэтому цели его жизнедеятельности носят биологический характер. В науке принято делить два типа целей на материальные и духовные. В соответствии с этими целями люди создают виды материальных и духовных ценностей культуры, в результате чего возникают материальные и духовные поля культуры. К материальной культуре обычно относят материально-производственную деятельность человека и включают ее результаты – орудия труда, адрес, предметы обихода, одежду, транспортные

средства, способы практической деятельности, средства производства и потребления и т.д. духовная культура включает в себя сферы духовного производства (производство идей, знаний, духовных ценностей) и их результаты, реализованные в науке, философии, религии, искусстве, нравственности и др. Основой существования материальной культуры является результат материально-созидательной деятельности человека. Любая субстанция носит двусторонний характер, так как относится одновременно к двум мирам-природному и культурному. В принципе, вещи производятся из натуральных материалов, а частью культуры они считаются после обработки людьми. Именно так наши первые деды уже успели превратить камень – резак, палку – копье, шкуру убитого зверя в одежду. Можно сказать, что полезные вещества – это изначальный тип бытия вещей в культуре. Но нельзя забывать и о том, что помимо полезности вещей в употреблении, вещи являются носителями социально значимой информации, знаков и символов, которые связывают мир людей с миром духа. Предметы были подобны текстам, хранящим необходимую информацию, чтобы коллектив остался жив. Поэтому наряду с практической полезностью они обладают символической полезностью, позволяющей использовать предметы в магических суевериях и традициях, а также могут наделять их дополнительными эстетическими качествами. Особенно это было свойственно первобытнообщинным культурам, характеризующимся своим единством – неделимостью всего мира.

Племена, населявшие территорию Казахстана во II веке до н.э., сформировали раннюю структуру государственной власти. Этническая история этих усун и кангюев, которые были тесно связаны с сакскими племенами, которые доминировали в Центральной Азии. Усуны, унаследовавшие земли Тиграхауда саков, приехали в Семиречье со всей Центральной Азии. Их земли были очень обширными: на севере соединялись с Балхашом, на Западе граничили с Таласам, на востоке граничили с гуннами, а на юге соединялись с Ферганой. Усуны-одно из древнейших племен Казахстана. Племена усун и канглы отделились от конфедерации сакских племен в III веке до нашей эры. Усуны заселили Семиречье, канлары-долины рек Сырдарья и Талас, прилегающий к ним регион Каратау и долину реки Сарысу. «Усун находится почти в 2000 ли к северо-востоку от Давана. Они являются кочевыми владельцами, мигрируют со своим скотом с одного пастбища на другое. Обычай схож с гуннами», – написал Бичурин. Далее продолжает: «князь Усунский поселится в Чшу» (II, 150, 258). Миф о происхождении усун можно назвать традиционной легендой для Востока. По легенде, после нашествия врага в айдале выжил только один маленький мальчик. Его кормит волчица. На охоте мальчика находит повелитель гуннов. Когда мальчик вырос, он командовал армией гуннов. Восхищенный мужеством и мужеством молодого полководца, гуннский правитель возвращает ему землю предков. Усуны и канлы находились на более высокой стадии общественного развития, чем их предшественники Яксарт саки. У одомашненных имущественное неравенство возникло раньше, чем у других племен. Накопление богатства в

отдельной семье изменило опору родовой организации и привело к возникновению феодальных отношений. Усунские правители и племенная аристократия присвоили себе участки оазисной земли, которые ранее принадлежали общине, превратив эти земли в заповедные пастбища (заповедники), где могли пастись только тысячи их скота. Закреплено право наследования.

Усуны были известны древним грекам под названием исседоны и небеса. Птолемей писал, что в горной Азии был значительный народ, владевший обширным регионом. Сведения о древних усунях, которые в то время были союзом племен, мигрирующих между хребтом Нань-Шань и рекой Булунцзир в провинции Ганьсу, появляются в китайских источниках с конца III века до нашей эры. Их земля примыкала к землям гуннов на востоке, граничила с Ферганой на Западе и кангалом на северо-западе. Центр усуней находился на южном берегу Иссык-Куля. Усуны, как и гунны, были племенным союзом и были разделены на две большие и малые орды. Верховный правитель назывался «кунь-би» и «гуньмо». Подчиненными гуньмо были старейшины рода и военачальники. В основе общественного строительства усуньского союза были инициативы военной демократии, в которых дифференцировалась роль военных вождей. Все вопросы решались совместно с участием представителей рода. Безопасность усуньского союза была обеспечена объединенными силами племени. Каждая семья должна была вывести на врага не менее одного бойца с верхом и оружием. В Китае числится 120 000 семей, то есть 630 000 человек. В военное время они могли производить 200 000 воинов.

Усуны сохранили независимость до середины II в. до н. э., но по мере укрепления сил гуннского союза постепенно стали терять свое прежнее значение. В середине II века до н. э. независимость усуней была разрушена войной. В одном из сражений усуней были побеждены гуннами, а гуньмы были убиты. После поражения усуней признали господствующую власть над самими гуннами. В знак подчинения гуньмо гуньман должен был отправиться в Орду Куты. Усуны вступили в Союз гуннских племен и составили основу западно-гуннского крыла. Вступление усуней в гуннский Союз носило лишь именной характер. Фактически они сохранили свое самостоятельное управление, которым управлял гуньмо. Гунны не вмешивались в их внутренние дела, а использовали усуней только как своих союзников в борьбе с врагами. В середине II века до н. э. гунны с помощью усуней изгнали юечжей из Восточного Туркестана. Благодаря своему мужеству и мужеству усуней добились бережного отношения к ним со стороны гуннов, тем самым сохранив самостоятельность и в дальнейшем. В конце II века до н. э. усуней больше не подчинялись гуннам. Во время правления Легяо-би они сыграли значительную роль в отношениях между гуннами и Китаем.

Основным занятием древних усуней было скотоводство. Как и гунны, древние усуней разводили лошадей, которые в военное время играли решающую роль.

Усунские мастера изготавливали из железа инструменты, охотничье и военное оружие, необходимые для ведения хозяйства, строительного дела, земледелия. меховые изделия, рукоятки, рукоятки холодного оружия, шкатулки, седла, жуженины украшались росписью, орнаментом, изображением зверей и птиц.

Древние усунь поклонялись огню, небу, солнцу и луне. Многие из их обрядов связаны с этой верой. При раскопках кургана в Каргале был обнаружен золотой разрез с изображением зверя. На основании таких находок и сведений из источников ученые сделали вывод, что 12-летний зверь был причастен к созданию календаря.

Известно, что в тюркском мире, особенно в Алтае, Центральной, Средней Азии и Казахстане, в общей для всех тюркских племен орхонской, Енсейской и Таласской рунической письменности, литературный язык тюркской письменности сложился в эпоху, когда господство кыпчакской общины на обширной Евразийской равнине Канлы, находившейся в то время (V-VII в.) под юрисдикцией Западно-Тюркского каганата, стало определять специфические черты и особенности языков, вошедших в «кыпчакскую общину» (X-XII в.).

В сегодняшнем процессе глобализации необходимо понимать, что борьба за сохранение национальных ценностей и сохранение своего лица, добрых традиций-это борьба за сохранение национального сознания.

Под национальным воспитанием понимается формирование национального самосознания и поведения личности на основе овладения родным языком, историей предков, самобытной культурой и национальными традициями. Отбирая и внедряя национальные ценности в процесс обучения, из духовного богатства благородного наследия нации в будущем можно будет вывести потомков, которые будут править страной, как в семье, так и в школе воспитание личностей, прививающих национальность и патриотизм, защищающих свой народ, свое государство.

Литература

- 1 Марғұлан Ә.Х., Ежелгі қазақтың тайпалары және қазақ хандығының құрылуы. – Алматы: «Көне Тараз» қоғамдық қоры, 2015. – 275 б.
- 2 Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. – Астана, 2004. – 159 с.
- 3 Бернштам А.Н. Очерки истории гуннов. – Л., 1951.
- 4 Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. – Алма-Ата, 1970.
- 5 Тынышпаев М. История казахского народа. (Сост. и авторы предисловия А.С. Такенов, Б. Байғалиев). – Алма-Ата, 1993.

ГРНТИ 16.21.49

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ НАЦИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКА – ОТРАЖЕНИЕ КУЛЬТУРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ И МЕНТАЛЬНОСТИ НАРОДА

Сарсенбаева А.К.

Студент, ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан

В статье рассматриваются особенности фразеологизмов национального языка как способ репрезентации культурных стереотипов и ментальности народа.

Ключевые слова: национальная картина мира, языковая мира, фразеологизмы, ментальность, культурный стереотип, классификация фразеологизмов.

Данная статья выполнена в рамках дипломного исследования по теме «Образ мужчины и женщины в русских и казахских фразеологизмах» и посвящена рассмотрению особенностей фразеологизмов национального языка как способ репрезентации культурных стереотипов и ментальности народа. Перед статьей поставлена цель: сделать обзор классификаций фразеологизмов для выбора метода исследования в дипломной работе.

У разных народов имеются расхождения в языковых картинах мира, в восприятии окружающего мира. Ценностных принципах и ценностных ориентациях. Поэтому понимание и правильная интерпретация фразеологизмов дают хорошую базу для успешной межкультурной коммуникации.

Напомним, что фразеологизмы – это устойчивое сочетание слов с целостным обобщенно-переносным значением, возникшим на основе образного переосмысления (семантической трансформации) словесного комплекса. (Солодуб). Шахматов считает, что фразеологический оборот – это семантически неделимый оборот, значение которого совершенно не выводимо из суммы значений составляющих его компонентов, их семантическая самостоятельность утрачена полностью. Например, «содом и гоморра» – «суматоха, шум». При дословном переводе фразеологических сращений иностранец обычно не может понять их общее значение: в каз. Пятки сверкают – *табаны жарқырады* – «обвинить в трусости» [1, с. 34].

Значимым трудом в исследовании лингвистики стал труд Балли Ш. Французская стилистика. Он один из основоположников современной функциональной стилистики, заложивший основы изучения разговорной речи,

фразеологических оборотов. В данной работе, ставшей уже классической, Балли показал, что основными задачами стилистики является исследование языка в его функционировании.

При работе над фразеологическими оборотами мы не можем игнорировать концепцию фразеологических единиц (фр. *unité phraséologique*) как устойчивого словосочетания, смысл которого не выводим из значений составляющих его слов, впервые была сформулирована швейцарским лингвистом Шарлем Балли [2, с. 23]. в работе «*Précis de stylistique*», где он противопоставил их другому типу словосочетаний – фразеологическим группам (фр. *séries phraséologiques*) с вариативным сочетанием компонентов. В дальнейшем В.В. Виноградов выделил четыре основных вида фразеологизмов:

- Фразеологические сращения (идиомы).
- Фразеологические единства.
- Фразеологические сочетания (*коллокации*).
- Фразеологические выражения [3].

Продолжим обзор теоретических исследований относительно особенностей фразеологии. Известна работа Баранова А.Н., Добровольского Д.О. Аспекты теории фразеологии. В их книге рассматриваются фундаментальные проблемы фразеологии: категория идиоматичности и идиомы, специфика фразеологизмов как особый части лексикона, типологий фразеологизмов, особенности семантики фразеологизмов и понятие модели значений, связь актуального значения фразеологизма с внутренней формой, способы экспликации носителями.

Большой вклад в изучение фразеологизмов внесла работа Ю.Д. Апресян Избранные труды. Том 1. Лексическая семантика (синонимические средства языка). В его монографии предлагаются элементы семантического языка для описания смысла слоя естественного языка. На этой основе выполнено описание синонимически средств языка (словообразования, регулярной фразеологии).

В.Н. Телия Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты Книга была посвящена описанию единиц фразеологического состава языка – денотативному и коннотативным аспектам их значения – оценочному, образно мотивирующему, эмотивному и стилистическому, впервые рассматриваемым в когнитивной парадигме. Разработанная в книге модель значения фразеологизмов позволяет увидеть ментальность народа, особенности его мировосприятия, мироощущения.

Автор статьи не может оставить без внимания такую особенность фразеологии – образность. Изучение речевой фразеологии вводит нас в лабораторию отдельного народа – языкотворца, и не случайно с таким вниманием изучают ее писатели, которые видят в фразеологическом фонде великолепные примеры: образного выражения явлений действительности. Картинность и образность речи действует поэтическими фразеологизмами на воображение слушающего, заставляя его переживать сказанное сильнее, чем

если бы, обратился к нему говорящий с речью безобразной, чисто логической речью [4, с. 306]. Мы же используем его как инструмент лингвострановедения.

Напомним, что фразеологизм (фразеологическая единица, идиома), выполняет функцию отдельного слова, устойчивое словосочетание, значение которого не выводится из значений составляющих его компонентов, по этой причине мы наряду с единицей на русском языке, давали перевод на казахском языке и обратно, сопровождали лингвистическим комментарием.

В фразеологизмах нашли отражение культурные стереотипы и ментальности народа. Русский и казахский народ не стали исключением. Стереотипы характеризуют мужчин и женщин с помощью определенных личностных качеств и социально-психологических свойств, в которых отражены представления о поведении, характерах мужчин и женщин. В стереотипах закрепились определенные социальные роли в семейной, профессиональной, бытовой и др. сферах. Стереотипы представляют собой эталоны поведения мужчин и женщин, которым, как ожидается, они должны следовать, и благодаря которым моделируется тип нравственных взаимоотношений между мужчинами и женщинами, характерный для данной культуры [5].

В филологической науке известны множество классификаций фразеологизмов. Самую первую классификацию В.В. Виноградова автор дипломного исследования привел в 1 главе 1 подразделе. Одной из фундаментальных работ по фразологии стала работа В.П. Жукова Русская фразеология пособие для вузов, в которой приводятся сведения из истории изучения фразологии в отечественном языкознании, излагаются различные пути систематизации фразеологических единиц, освещается уровневое положение фразеологизмов в языковой системе, указываются способы их образования, дана семантическая и морфолого-синтаксическая характеристика фразеологических оборотов. В.П. Жуковым составлена классификация фразеологизмов в отношении синонимии и антонимии. В.П. Жуков под фразеологическими синонимами понимает «фразеологизмы с предельно близким значением, как правило, соотносительные с одной и той же частью речи, обладающие частично совпадающей или (реже) одинаковой лексико-фразеологической сочетаемостью, но отличающиеся друг от друга оттенками значения, стилистической окраской, а иногда тем и другим одновременно» [6, с. 178]. В изучаемой группе «Словарем фразеологических синонимов русского языка» отмечено 37 рядов фразеологических синонимов-фразеологизмов. Необходимо отметить, что «в силу полисемии отдельные фразеологизмы способны в каждом новом значении обновлять свои синонимические связи» [6, с. 185]. Например, прибирать к рукам – 1. *кого*. Подчинять себе, заставлять повиноваться (в поступках, действиях и т.п.). 2. *что*. Присваивать, захватывать что-либо, завладеть чем-либо. Синоним: накладывать лапу (в первом значении присваивать, захватывать что-либо, завладеть чем-либо). Несколько рядов фразеологизмов-синонимов имеют в своем составе более 15 ФЕ, другие состоят из двух-четырех ФЕ.

В.П. Жуков утверждает, что «фразеологическая антонимия ФЕ строится на полной противопоставленности, расхождении смыслоразличительных семантических признаков» [7, с. 189]. Изучение работы В.П. Жукова для написания дипломной работы дает основание сделать следующие выводы:

1. Большинство фразеологизмов изучаемой группы по своей семантике обозначают манеру поведения человека (270 ФЕ).

2. Категориальное значение большей части фразеологических оборотов равно глаголу (280 ФЕ).

3. Подавляющая часть фразеологизмов исследуемой семантики однозначна (260 ФЕ).

4. Фразеологические единицы рассматриваемой группы вступают в отношения синонимии и антонимии; образуют 37 рядов фразеологизмов – синонимов и 1 ряд фразеологизмов-антонимов.

Современным российским исследователем Т.И. Егоровой из Горно-Алтайского университета предложена своя классификация фразеологизмов с точки зрения семантической характеристики. Если в классификации В.П.Жукова значение фразеологизмов равно глаголу, то в этой классификации значение фразеологической единицы основывается как на глаголе, так и на значении наречия. Т.И. Егорова пишет: «Категориальное значение фразеологических оборотов, вошедших в эту группу, различно: одни (их большинство) равны по значению глаголу, например: задать перцу(кому) – »распекать, бранить, наказывать, обычно давая почувствовать свою силу, власть»; другие (их всего пятнадцать) по своему грамматическому значению соответствуют наречию, например: сидеть, стоять, как пень – «неподвижно, бессмысленно, безучастно» [8.]. Ею выдвинута идея, «что категориальная полисемия может развиваться независимо от явления многозначности в собственном смысле. В тех случаях, когда одно из категориальных значений фразеологизма является грамматическим значением глагола, мы рассматриваем их в составе анализируемых ФЕ (ходить по струнке, по ниточке (у кого); держать язык за зубами; держать язык на привязи; петь с чужого голоса)». Т.И.Егорова считает, что ФЕ с общей семантикой «качественная оценка действий и манеры поведения человека» можно сгруппировать в более узкие в смысловом отношении подгруппы:

1. Фразеологизмы, характеризующие действия человека на основе его взаимоотношений и взаимосвязей с окружающей средой, коллективом:

2. Фразеологизмы, характеризующие речевое общение:

3. Фразеологизмы, характеризующие отношение человека к работе, делу, профессии:

4. Фразеологизмы, характеризующие психическое состояние, которое проявляется внешне, в его манере поведения:

5. Фразеологизмы, характеризующие манеру осуществлять зрительное или слуховое восприятие.

Автор дипломного исследования считает, что в своей дипломной работе по теме «Образ мужчины и женщины в русских и казахских фразеологизмах»

будет придерживаться именно этой классификации, но применительно к мужчине и женщине для исследования национальной специфики, поиска стереотипов поведения и ментальности русского и казахского народов.

Литература

- 1 Гумбольд В. Избранные труды по языкознанию. – М., Прогресс, 2 издание 2012.
- 2 Бенвенист Э. Словарь индоевропейских социальных терминов. – М., 1995.
- 3 Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. – М.: Флинта, 2013.
- 4 Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в русском языке. Павлодар, 2002. –184 с.
- 5 Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: изд-во «Институт социологии РАН», 1999, – 189 с.
- 6 Темиргазина З.К. Гендерная лингвистика. Коллективная монография. – Павлодар, 2013. – 584 с.
- 7 Жуков В.П. Русская фразеология. – М.: Высшая школа, 1986.
- 8 Егорова Т.И. Фразеологизмы русского языка. // Вестник ОмГУ. 1998. №2.

ГРНТИ 02.01.45

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФИЛОСОФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Саяжанова А.Ж.

Студент, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ.

Мақала техникалық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық пәндерді, соның ішінде философияны оқытудың инновациялық технологиялары тақырыбын қозғайды. Елімізде қабылданған стратегияларды негізге ала отырып, инновациялық оқыту терминін ашады. Шығармашылықтың дамуының бастауы дәл осы философия пәнін дұрыс меңгеруден алатынын дәлелдейді.

Техникалық оқу орындарында гуманитарлық пәндерді оқыту барысы бойынша негізгі сипаттамаларды көрсетеді. Дәстүрлі білім беру мен инновациялық білім беру тәсілдерін ішінара салыстырады.

Түйін сөздер: философия, техникалық оқу орны, университет, гуманитарлық пән, инновациялық технологиялар, білім беру технологиясы, шығармашылық.

Университеттік техникалық білім беруде дәстүрлі білім беру технологияларынан инновациялық білім беруге көшу ең алдымен білім беру процесінің шығармашылық аспектісін күшейтуге ықпал ететін, білімді өз бетінше іздеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен формаларын іздестіруді көздейді. Техникалық ЖОО-да философияны оқытудың мақсаты – жалпы мәдени құзыреттілікті қалыптастыру, оның мазмұны тек түсініктік аппаратты және әлемнің философиялық түсінігінің ерекшеліктерін білу ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, шығармашылық ойлауға, стандартты емес жағдайларды жүйелі талдауға қабілеттілік, сондай-ақ таңдалған мінез-құлық стратегияларын негіздеу үшін алынған білімді пайдалана білу. Демек, философияны оқытуда қолданылатын жаңа білім беру технологиялары философиялық білімнің шығармашылық игерілуін, ақиқатты еркін іздеуді, философиялық пікірталас барысында сыни көз-қарасын дәлелдеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етуі тиіс [1].

Тұңғыш Президентіміздің берген бұйрығымен білім беру саласына инновациялық технологияларды енгізе бастады. Н. Назарбаев «Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру» деп атап кеткен [2]. Сонымен қатар өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет» деп жазған [3, 10 б]. Қазіргі уақытта барлық білім ордаларында мультимедиялық, ақпараттық қондырғылар орналастырылған және олар интернет желісіне толық қосылған. Сөйтіп, білім алушылар мен оқытушыларға жаңа мүмкіндіктер есігі ашылды. Дегенмен, инновациялық технологиялар тек ақпараттық қондырғыларды қамтып қана қоймайды, сонымен қатар жаңа оқыту әдістерінде біріктіреді. Оған мысал, «Қазақстан-2050» атты стратегиясында кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңарту ниеті негіз бола алады. Жалпы «Инновация» ұғымы білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс – тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану дегенді білдіреді.

Педагогикалық ғылым ұсынатын білім беру технологияларының көптүрлілігіне қарамастан, техникалық жоғары оқу орындарында гуманитарлық пәндерді (атап айтқанда, философияны) оқытудың қолда бар тәжірибесін

жинақтау оқу сабақтарын технологиялық процесс ретінде ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, білім беру стратегиясын анықтауға мүмкіндік беретін екі негізгі принцип бар, олар: түсіндірмелі-иллюстративті және проблемалық-шығармашылық. Біріншісі оқу құралдарындағы дайын білімді меңгеруге және түсіндіруге бағытталған технологияларға, гуманитарлық білім классиктерінің жұмыстарында, баспасөз материалдарында негізделеді [4]. Сабақ өткізу бұл жағдайда студенттердің тақырып глоссариін құрастырумен, белгілі бір сұрақтарға жауап іздеумен, рефераттар мен т.б. дайындаумен байланысты тапсырмаларды орындауын көздейді.

Екінші стратегия аясында оқытушы проблеманы шешу нұсқаларын (гипотезаларды) іздеу процесі ретінде тұжырымдайтын білім беру технологияларын қолданады және бұл процеске барлық студенттерді тартады. Бұл ретте сабақ «адамдардың ойлауы» арқылы жүзеге асады және педагогтың ойлау әрекеті ізденіске қатысушыларды эмоционалды және интеллектуалды еліктейді, өз пікірін белсенді түрде көрсетуге қызығушылық пен ықылас тудырады. Бұл жол білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді: оның ойлауын қалыптастыруға, интеллектуалдық әлеуетіне, ерік сапаларына, дербестік, бастамашылдық, ұйымшылдық, дәйектілік, батылдық сияқты ерекшеліктерін дамытуға жол ашады; студенттер мәселені қою, тұжырымдау және шешуге байланысты шығармашылық ізденіске қосылады [5]. Сонымен қатар, проблемалық-шығармашылық білім беру технологиялары түсіндірмелі-иллюстрациялық технологиялардан оқшауланбайды, кейбір мағынада олармен бірге негізделеді және бірінің кеңістігіне кіреді.

Шығармашылықтың дербес дамуын қамтамасыз ететін құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістемелік инновациялар бірқатар қиындықтарды қамтиды. Әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық қиындықтарды атап өткен жөн. Мысалы, стандартты емес ойлайтын адамдар мен стереотипті ойлауға үйренген адамдар қарым-қатынасында үлкен проблема туындауы мүмкін. Сондықтан гуманитарлық пәндер оқытушысының мойнындағы міндет – шығармашылықпен ойлайтын маманды ғана емес, сонымен қатар заманауи ғылымның мәліметтеріне сүйене отырып, өз пікірін білдіре алатын және оны қорғай алатын адамды да қалыптастыру.

Инновациялық әдістемелер инновациялық оқытушыны талап етеді, ол алдыңғы жылдары жинақталған көптеген әдістемелік тәсілдерден, ең алдымен, авторитаризм мен догматизмнен, философия классиктерінің идеяларының жойылмайтындығына негізделген нанымдардан бас тартуы тиіс. Оқытушының жеке төзімділігі де үлкен мәнге ие болады, мәселелерді шешудің әртүрлі нұсқаларына, бөтен пікірлерге қатысты төзімділік, «екі пікір бар – менікі және қате(жалған)» деген стереотиптен бас тарту. Гуманитарлық пәндерді оқытудағы жаңа тәсілдер қойылған сұрақтарға баламасыз жауап беруге үйренген және оқытушыдан бір мәнді түсіндіруді талап ететін студенттер тарапынан да бірқатар күш-жігерді талап етеді. Оқытушының міндеті – студенттерге гуманитарлық білімнің ерекшелігін шығармашылық форма ретінде көрсету, шындықты еркін іздеу, өз ойын сыни тұрғыдан бекіту.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Аскарова К.И., Далибаева А.Н. Гуманитарлық пәндерді оқытуда инновациялық әдістерді тиімді пайдалану. [Электронды ресурс]: <http://bilimdar.kz/kz/pedagogika-kazaxstana/stati/gumanitarlyiq-panderdi-oqytuda-innovacziyalıq-әdisterdi-tiimdi-pajdalanu.html>.

2 Ахметов Н.А. Арнайы пәндерді оқытуда жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігі, 2019. [Электронды ресурс]: https://ust.kz/word/bayandama_taqyryby_arnaiy_panderdi_oqytyda_janga_tehnologiyalardy_paidalanydyng_tiimdiligi-158215.html.

3 Инновационные технологии преподавания в высших учебных заведениях Республики Казахстан / Шалбаева Ш.Е., Кадирбергенова А.Ж.// М. Рыскулбеков атындағы Кыргыз экономикалық университетинин кабарлары – 2016.

4 В Казахстанское образование введут инновационные методы обучения. [Электронды ресурс]: <https://www.zakon.kz/4511946-v-kazakhstanskoe-obrazovanie-vvedut.html>.

5 Инновационная технология в вузе как эффективная система подготовки специалистов в образовательной системе Республики Казахстан/ Даутбаева Д.К. 2013. [Электронды ресурс]: <https://articlekz.com/article/6358>

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 34.29.01

СЫРДАРИЯЛЫҚ ҚАРАТАУДА КЕЗДЕСЕТІН СИРЕК, ЭНДЕМ COUSINIA MINDSCHELKENSIS В. FEDTSCH ТҮРІНІҢ ЦЕНОПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Кенесбай А.Х.

PhD-докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Курмантаева А.А.

*Б.ғ.к., бас ғылыми қызметкер, Ботаника және фитоинтродукция институты,
Алматы қ.*

Мақалада *Cousinia mindschelkensis* В. Fedtsch түрінің популяциясының қазіргі жағдайы көрсетілген. 2020 жылы далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Сырдариялық Қаратауда, «Қаратау қорығында» экспедициялық сапар ұйымдастырылып, алға қойылған мақсат міндеттерге сәйкес комплексті зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыстың зерттеу әдістеріне келетін болсақ популяцияның жастық, сандық құрамын зерттеу, Работнов Т.А., Уранов А.А., Быков Б.А., Заугольнова әдістері бойынша жүргізілді. Бірінші популяция Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау тауы, Қарақуыс шатқалынан 1046 м. биіктікте, солтүстік шатқалдан табылды. Осы жерлерден бірінші және екінші ценопопуляцияларына зерттеу жүргіздік.

Түйін сөздер: ценопопуляция, *Cousinia mindschelkensis* В. Fedtsch, флора, шатқал, сирек түр.

Қаратау жүйесі Қазақстандағы ең көне, жасы бойынша ескі және өсімдік жамылғысының әртүрлілігімен ерекшеленетін таулы жүйе болып табылады және әртүрлі сирек, эндем өсімдік түрлерінің көптігімен ерекшеленеді. Қызық және бай түрлердің бірі *Cousinia* туысы болып табылады. СССР флорасында көбенқұйрықтың 272 түрі кездеседі, олар 41 секцияға, 6 подсекцияға бөлінген [1].

Қазақстан флорасында көбенқұйрықтың 55 түрі, ал Сырдариялық Қаратауда 35 түрі, соның ішінде 3 түрі эндем болып табылады [2].

Cousinia mindschelkensis В. Fedtsch – күрделігүлділер тұқымдасына, *Lopholepis* Tschern. секциясына жататын сирек, эндем түр. Бұл секцияларға *Cousinia mindschelkensis* В. Fedtsch., *Cousinia rigida* Kult., *Cousinia Gomolitzkii* Juz. түрлері жатады. *Cousinia mindschelkensis* В. Fedtsch Қазақстанның «Қызыл кітабына» сирек түр ретінде енгізілген [3].

Сырдариялық Қаратаудың орталық бөлігінде, Мыңжылқы алқабында кездеседі. Сондықтан бұл жұмыстың өзектілігі *Cousinia mindschelkensis* V.Fedtsch популяцияларының қазіргі жағдайын зерттеу және бағалау болып табылады.

Сырдариялық Қаратау флорасын тануда маңызды кезең жан – жақты зерттеу болып табылады. Зерттеліп отырған аймақтың флорасына тән өсімдіктер топтарының қатарына *Cousinia mindschelkensis* V. Fedtsch жатады. Осыған байланысты оның флористикалық құрамын, жастық құрылымын, химиялық құрамын және генетикалық құрылымын егжей-тегжейлі зерттеу қажет.

Жұмыстың зерттеу әдістеріне келетін болсақ популяцияның жастық, сандық құрамын зерттеу Работнов Т.А., Уранов А.А., Быков Б.А., Заугольнова әдістері бойынша жүргізілетін болады, яғни *Cousinia mindshelkensis* V. Fedtsch өсімдігінің жастық құрамын нақты анықтау үшін шілде-тамыз айларында гүлдену кезеңі басталатын уақытта далалық зерттеу жұмыстарын бастаймыз. Қыркүйек айында жеміс беру кезеңінде тағы далалық зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады. Себебі шілде-тамыз айларында, өсімдік генеративтік кезеңнен өтеді. Қыркүйек айларында генеративті период жалғасады. Сандық құрамын анықтау үшін Комаров шкаласы, Друде шкаласы, Хульта шкаласы бойынша анықталатын болады.

2020 жылы далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Сырдариялық Қаратауда, «Қаратау қорығында» экспедициялық сапар ұйымдастырылып, алға қойылған мақсат міндеттерге сәйкес комплексті зерттеу жұмыстары жүргізілді. Құрамында *Cousinia mindschelkensis* V. Fedtsch өсімдігі кездесетін өсімдік қауымдастықтарына геоботаникалық сипаттама жүргізілді. Әр популяциядан екі ценопопуляция, барлығы 4 ценопопуляция зерттелді.



Бірінші популяция Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау тауы, Қарақуыс шатқалынан 1046 м биіктікте, солтүстік шатқалдан табылды. Осы жерлерден бірінші және екінші ценопопуляцияларына зерттеу жүргіздік.

Бірінші ценопопуляция – Созақ ауданы, Қаратау тауының Кіші қарақуыс шатқалының солтүстік беткейінен табылды. GPS координаттары: N 43° 50'54", E 68° 31'55". Бұл жердегі өсімдік жабыны ағашты бұталы қауымдастығынан (*Cerasus erythrocarpa*, *Atraphaxis karataviensis*, *Crataegus songarica*, *Ephedra*

equisetina, Pyrus regelii, Malus sieversii, Artemisia, Acer semenovii, Spirea hypericifolia, Ferula tenuisecta, Crataegus turkestanica). Ауданның 70 % үлкен тастар алып жатыр. Өсімдіктердің жалпы проекциялық жабыны 50-60 % қамтиды. Ценопопуляцияның флоралық құрамы ағашты – бұталы, мұнда 8 тұқымдасқа, жататын 25 түр анықталды.

Екінші ценопопуляция – бірінші ценопопуляцияға жақын, ірі тасты беткейлі келеді. Кіші қарақуыс шатқалынан, солтүстік беткейден табылды. GPS координаттары: N 43° 50'50", E 68° 31'37". Теңіз деңгейінен биіктігі 1141 м. Бұл жерде өсімдіктер жамылғысы әр түрлі болып келеді, эфедра өте жақсы өсіп тұр. Мыңжылқы көбенқұйрығының қатысуымен өсіп тұрған түрлер (Dianthus, гүлдеп тұр, Artemisia, Cerasus erythrocarpa, Tulipa, Ferula, Atraphaxis, Ephedra, Veronica). Өсімдіктердің басым көпшілігі генеративтік, сенильдік фазадан өту кезеңінде болғандықтан, жалпы проекциялық жабыны 50-60 % құрап жатыр. Ценопопуляцияның флоралық құрамы ағашты – бұталы, мұнда 9 тұқымдасқа жататын 20 түр анықталды.

Cousinia mindschelkensis В. Fedtsch. өсімдігі ценопопуляцияларының құрылымдық ерекшеліктерін анықтау үшін жастық құрамы зерттелді.

Жалпы үлгі алаңдарында Мыңжылқы көбенқұйрығының 31 дарағы анықталды. Бірінші ценопопуляцияда 10 дарақ, екінші ценопопуляцияда 6 дарақ, үшінші ценопопуляцияда 8 дарақ, төртінші ценопопуляцияда 7 дарақ анықталды.

Онтогенетикалық күйі	ЦП1	ЦП2	ЦП3	ЦП4
p				
j				
im				
v				
g1				
g2	2±0,2	1±0,1	3±0,3	2±0,2
g3	3±0,3	2±0,2	2±0,2	2±0,2
ss	2±0,2	2±0,2	3±0,3	1±0,1
s	2±0,2	1±0,1	0	2±0,2
sc	1	0	0	

Үлгі алаңшарларындағы әртүрлі жастық күйлердегі Cousinia mindschelkensis дарақтарының орташа саны.

Зерттелген ценопопуляциялардағы дарақтардың жағдайы жақсы, бірақ зерттеу жұмыстары өсімдіктің ювенильдік, сенильдік, жас генеративтік кезеңдерінен өтіп кеткен кезеңде зерттелгендіктен сол күйіндегі дарақтар болмады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Введенский А.И. Определитель растений Средней Азии. Том 10. – Ташкент: Фан, 1993. – С.85.
- 2 Флора Казахстана. – Алма-Ата, 1956-1966. Тт. 1-9.
- 3 Красная книга Казахстана. Изд. 2-е, переработанное и дополненное. – Том 2: Растения (колл. авторов). – Астана, ТОО «АртPrintXXI», 2014. – С. 290.
- 4 Камелин Р.В. Флора Сырдарьинского Каратау, 1990. – С. 9-50.
- 5 Афанасьев Ю.Г., Губанов Б.А. Каратауский заповедник. Новые заповедники Казахстана, 1988. – С.20-33.+
- 6 Кудабаева Г.М., Курмантаева А.А. Эндемичные виды *Cousinia* Cass. Сырдарьинского Каратау. Известия НАН РК. Серия биологическая и медицинская. №3. 2005, – С. 21-26.

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА
СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА
SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ҒТАМР 06.71.57

ТАРБАҒАТАЙ ТАУЫ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ЖОЛЫ РЕТІНДЕ

Тірібосынов Д.Қ.

Студент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.

Гиззатжанова А.Г.

*Ғылыми жетекші, Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан қ.*

Әлемде саябақтар көп, олардың алғашқылары Швейцарияда Граубюнден кантонында 1914 жылы құрылған. Олар өздерінің ерекшелігімен көзге түседі және қазіргі туристерді шын мәнінде қызықтыратын орындар болып табылады. Осындай керемет жерлер біздің елімізді де баршылық. Соның бірегейі – Тарбағатай таулары. Тарбағатай таулары өзінің оқшауланған және қол жетпес биік тауларының тізбектерімен, мазар қорғандар секілді скифтік «әулие жерлерімен» ерекшелінеді. Тарбағатай тауының Ақберлі биігінде әлемдік мәдени қазына қатарына қосуға болатын жанды суреттер сақталған. Бұл биіктегі тастағы суреттер аумағы жүздеген гектарларды алып жатыр. Жаз айларында тау басын қардың басуына байланысты оған атпен ғана шығуға болады. Тастағы суреттер түрлі тақырыптарды қамтиды. Олай болса осы керемет мұрамызды сақтау керек және оны елге таныту керек. Мақала осы тақырыпты қамтиды.

Түйін сөздер: Экотуризм, Тарбағатай тауы, ЕҚТА, табиғи ресурстар, ландшафттар, табиғи мұра.

Қазақстанның табиғаты нағыз жәннат жер, бірақ біз сондай таңғажайып табиғатты өз мүддемізге орынды пайдалану мәселесін қарастыруға болады. Жалпы туризм – экономиканың негізгі қозғаушы күші, әлемдік экономикада бұл салада еңбек ететіндердің саны 75 миллионнан асқанын статистика нақтылап отыр. Тікелей және жанамалай әсер ете отырып, осы саламен байланысты жұмыс істейді. Қазіргі таңда жер бетіндегі әрбір 12 адам туризм саласында қызмет етеді. 2017 жылы халықаралық туристердің саны 1 миллиард 700 мың адамға жетіп, рекордтық көрсеткіш жүзеге асты. Туризмнің кейіннен белең алып даму жолына түскен бағыты экологиялық туризм деуімізге болады. Ал соның ішінде ұлттық саябақтар ерекше сұранысқа ие. Әлем бойынша аса танымал бірнеше ұлттық парктер бар екені белгілі, мысалы, алғашқы ұлттық саябақ тек 19-шы ғасырдың аяғында, АҚШ-та ашылды. Гейзерлер мен ыстық минералды қайнарларға бай, 1872 жылы Йеллоустоун ұлттық саябағы ашылған

Йеллоустоун үстірті. 1916 жылы АҚШ-та Ұлттық саябақтар қызметі ашылды. Бұндай АҚШтың Гранд-Каньон, Джаспер, Олимпик және тағы басқа ұлттық саябақтары қазіргі уақытта Солтүстік Американың шегінен тысқары жерлерде де жақсы танымал [1].

Сол кезден бастап барлық континенттерде көп саябақтар ашылды. Еуропадағы алғашқы саябақ 1914 жылы Швейцариядағы Граубюнден кантонында құрылған болатын. Одан кейін 1922 жылы Италиядағы Гран-Парадизо ұлттық саябағы ашылды. Франциядағы алғашқы ұлттық саябақ 1963 жылы құрылған Вануаз. Ол 14 километр бойында италиялық Гран-Парадизомен шектеседі. Барлығы Францияда жеті ұлттық саябақ бар, олардың үшеуі Франциядан бастап Австрияға дейінгі альпілік жарты айда орналасқан. Альпілік жарты айда сонымен бірге басқа да ұлттық саябақтар орналасқан: Германиядағы Берхтесгаден, Австриядағы Биік Тауэрн, Италиядағы Стельвио және Словениядағы Триглав [2].

Арикок ұлттық саябағы – туристердің көп баратын саябақтардың бірі. Арикок ұлттық саябағы Арубаның аралдың ішкі аймағының көпшілік бөлігін және солтүстік жағалаудың ұзақ бөлігін қоса 18 % көлемін алады. Саябақ аумағында Яманота адыры – аралдың ең жоғары нүктесі (188 м.), сонымен қатар, Арикок (176 м) белесі орналасқан. Арикоктың аумағы үш геологиялық жыныстарды өзіне қосады: кварцтық және әктастық жыныстар. Олар бірегей флора мен фаунаны және аралдағы адамдар өмір салтын қолдауға қатты әсер етті. Мысалға, әктастық жыныстар ауыл шаруашылығында қолданылатын ауыз судың үлкен көлемін үдеткен. Микроклиматтық шарттар сонымен қатар, солтүстік-шығыс желдерінен табиғи кедергі болатын Яманота и Арикок адырларының арқасында сақталып қалуда [3].

1983 жылдан бастап Мачу-Пикчу Юнесконың мұра ескерткіштері қатарына, ал 2007 жылдан – Жаңа Әлем Кереметтері қатарына енеді. Жыл сайын жарты миллионнан астам туристер Мачу-Пикчуға келеді. Саяхатшылар жақын орналасқан Куско қалашығында түней алады. Инктердің ежелгі қаласының ұлықтылығы мен әдемілігін толық көлемде тамашалау үшін неғұрлым аз көп адамды бағдарларды таңдаған жөн. Себебі, ауа-райының қолайсыздығынан табиғи апттарға ұшырау қауіпі бар [4].

Әлемнің жаңа жеті кереметінің бірі болып табылатын Перудегі Макчу-Пикчу тауы қазіргі кезде көптеген туристердің саяхат мекеніне айналды. Бұл таудың ерекшелігі біздің заманымызға дейінгі халықтың тұрмысын, өмір-сүруін көрсететін таңбалы тастарының болуы. Дәл осындай мол байлық ескерткішпен Қазақстанның Шығысында Тарбағатай тауы орналасқан. Бұл таудың игерілмей тұрғандығы болмаса, Макчу-Пикчуден еш кемшілігі жоқ.

Тарбағатай таулары өзінің оқшауланған және қол жетпес биік тауларының тізбектерімен, мазар қорғандар секілді скифтік «әулие жерлерімен» ерекшелінеді. Ақсуат пен Ақжарда бітетін тек қана екі жол тау етегіне барады. Үржар Аяғөз-Достық А356/357 жолында Алакөл көлінен солтүстікке шамамен 80 км қашықтықта тізбектерінің оңтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Қасында 400 гектарға жуық қорғалатын далалар жайластырылған.

Тарбағатай тауының бүгінгі Үржар ауылы тұсындағы Ақберлі биігінде (теңіз деңгейінен үш мың метр) әлемдік мәдени қазына қатарына қосуға лайықты қаншама жанды сурет сақталып тұр. Бұл биіктегі тастағы суреттер аумағы жүздеген гектарларды алып жатыр. Жаз айларында тау басын қардың басуына байланысты оған атпен ғана шығуға болады. Тастағы суреттер түрлі тақырыптарды қамтиды, мысалы аңдар мен құстар, мініс аттары, аң аулаушылар және т.б. [5].

Жалпы алғанда, аймақтың туристік және рекреациялық жер ретінде дамыту үшін оның бедерінің бағалауға назар аудару керек. Бағалауда рельеф, көлбеу және сипаттағы бөлшектенген аймақтың тығыздығы және тереңдігі қарастырылады (1 кесте).

Кесте 1. Туристік-рекреациялық қолданыста Тарбағатай тауы ресурстары негізінде қолдану типтері.

Туристік және рекреациялық пайдалану түрі	Табиғи шарттар және келісімдер			
	Гипсометриялы, м	Ландшафтты (аудан)	Табиғаты	Дамыту шарттары
Спорттық-сауықтыру туризмі	<3000	Орманды-жазық	Таудың 80%-ауыл шаруашылығына пайдаланады	Спорттық мақсатта жүретін маршрут жолын жөндеу
Таулы альпинисті туристік	3000	Орманды, шабындық	Жері өте ылғалды	Тауға арнайы шығу үшін жаяу жүргіншілерге канатты жол жасау
Альпинистік жоғары дәрежелі қиындылық	>2000	Жоғары мұзды	Жоғарғы шалғынды ерлерінде түрлі өсімдіктерге бай	Шығуға арналған жабдықтармен қамту
<i>Ескерту.</i> Мәліметтер [6] негізінде автормен бағаланды.				

Тарбағатай территориясының қазіргі жағдайы мен туризмнің даму дәрежесін зерттей отырып рекреациялық туризмнің дамуының күшті және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктері мен туризмнің дамуын тежейтін қауіп-қатерлері талданды. Оны 2-кестеден көруге болады.

Кесте 2. Тарбағатай туристік инфрақұрылымына SWOT-талдау.

Күшті жақтары ІШКІ	Әлсіз жақтар СЫРТҚЫ
Экологиялық таза аумақ Тарихқа бай аймақ	Шектеулі қаржылық мүмкіндіктер Аймақтың ластануы
Туристерді тарту үшін тарихи және табиғи-мәдени мұра құндылықтардың байлығы	Қиын табиғи-географиялық жағдай
Спорттық туризмді дамытуға тиімді туристік ресурстардың болуы	Тау территориясында орналасқан ауылды мекендердің қараусыз қалуы
Экономикалық-территориялық тиімді орналасуы (Қытай Халық Республикасы)	Білікті мамандардың жетіспеушілігі
Табиғи ерекшеліктердің, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің бай қоры	Рекреациялық объектілері тарапынан ұсынылатын қызметтер сапасының біркелкі еместігі
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
Тарбағатай тауының мүмкіндіктерін пайдалану арқылы табиғатта қорғайтын бақылау мекемесін ашу	Қаражаттың болмауы Климаттық географиялық жағдай есебінен болатын табиғи апаттар
Ақпараттық-коммуникациялық жүйені дамыту арқылы туристер ағымын көбейту	Мемлекет тарапынан қолдауға ие болмауы
Ғылыми-техникалық базаны жетілдіру арқылы табиғатқа кері әсерді төмендету	Тарихи және табиғи-мәдени мұраларды сақтау, табиғатты қорғау туризмнің дамуының әсерінен екінші ретті қызметке айналуы
Халықаралық туроператорлармен серіктестік келісімдер орнату	Мемлекет тарапынан көңіл бөлмеу нәтижесінде аумақтың туристік потенциалының нашарлауы
Аймақтық, ұлттық, халықаралық көрмелерге қатысу арқылы саябақтар имиджін қалыптастыру	
<i>Ескерту:</i> Автор құрастырған.	

SWOT-талдау негізінде аймақтың мүмкіндіктері басым. Ұлттық мәдени құндылықтарымызды сақтап қалу мақсатында ұсыныстардың мемлекет тарапынан қолдауы, бұл өлкедегі туризмнің жан-жақты салаларын дамуына үлесі қосылары анық. Тарбағатай аймағындағы табиғи-мәдени мұралар мен көптеген табиғи ескерткіштер, орманды-таулы ландшафты территориялар танымдық туризмді қалаушы туристердің қызығушылықтарын тудыратын негізгі факторлар болып табылады. Туристік ресурстарының бай туристік әлеуетіне қарамастан аумақтың туристік-рекреациялық инфрақұрылымының деңгейі дамудың жағымсыз тенденциясымен сипатталады, сондықтан да

жоғарыда сөз болған жетілдіру тетіктерін қолданып, инфрақұрылымды дамыту жолдарын қолға алған абзал.

Аймақтың туристік-рекреациялық инфрақұрылымын дамыту үрдісінен күтілетін нәтижелер:

- аумақтың туристік әлеуетін арттыру мен имиджін қалыптастыру;
- тау территориясындағы туристік әлеуетінің мүмкіндіктерін тиімді қолдану (табиғи ресурстар, бірегей тарихи-архитектуралық, мәдени ескерткіштер);
- ішкі және кіру туризміне қолайлы жағдайларды қалыптастыру;
- қосымша жұмыс орындарын қалыптастыру.

Қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру мен аумақтың бай туристік ресурстарын рационалды түрде сауатты игеру Қазақстан Республикасында Тарбағатай сынды тағы бір жана әрі ауқымды экономикалық пайда келтіретін туристік-рекреациялық демалыс орталығын тудыруға әрі оны болашақта жандандыруға кең көлемді мүмкіндіктер бермек. Ұлттық саябақтардың туристік ресурстарының жоғары әлеуетін тиімді пайдалану мен ресурстарды рационалды игерудің жолдарын іздестіру барысында инфрақұрылым мәселесінің өзекті жақтарын назарға алып, оны дамыту барысында Ерекше қорғалатын табиғи аумақты Қазақстандағы рекреациялық туризмнің дамуының негізгі аумағына айналдыруға болады. Олай болса, Тарбағатайды Ұлттық саябақ ретінде іске асыру үшін келесі іс-шаралар жасалуы керек:

- ерекше қорғалатын табиғи аймақта жергілікті мәні бар рекреациялық туризмді дамыту және ұйымдастыру;
- жергілікті тұрғындардың қолдауымен ақпараттық жұмыстар жүргізу;
- туристік іс-әрекетті іске асыру үшін, жергілікті тұрғындардың қызмет көрсетулеріне қолдау көрсету;
- жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнеске қолдау көрсету;
- туристерді тасымалдау және орналастыру.

Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарды жобалау ауданы әкімшілік Шығыс Қазақстан облысындағы Үржар ауданында орналасқан. Болжанатын табиғи ұлттық саябақтарітің алып жатқан аумағы 143550,5 га соның ішінде 7183 га мемлекеттік орман табиғи резерваты «Семей орманы» ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қамтиды. Жобаланып отырған ерекше қорғалатын аймақ қатарына: Үржар табиғи қорықтары, «Атлет» табиғи мекені», «Жауынгер шелі» кіреді. Ұлттық саябақтар аумағына Үржар ауданының 1-37 кварталды табиғи бөлігі 7183 га аумақпен енгізіледі.

Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи саябағын құру үшін ғылым зерттеу жобасы бойынша, МҰТП бірнеше учаскіден тұрады:

1. «Тарбағатай тау учаскесі» 117384 га жерді қамтитын Батыс Тарбағатай жотасы МҰТП негізгі орталығы болып табылады.
2. «Қарабас тау учаскесі 8475,2 га жерді Қарабұта ауылынан 10 км жерде Қытай шекарасы жанында Қарабас тауының маңы.

3. «Арқалы тау учаскесі» оңтүстік-батыс учаскесі – Бахты ауылынан 8 шақырым жерде «Қарабас» тауының маңында 15634,2 га жерді алып жатыр.

4. «Үржар өзені аңғары» бөлімі- Елтай ауылынан 5 км жерде Үржар өзені маңында, 447 га жерді алып жатқан алқабы.

5. «Қатынсу өзені аңғары» бөлімі Мақаншы ауылынан 3 км жерде Қатынсу өзені маңында 960 га жерді қамтиды.

6. «Еміл өзені аңғары» Шағантоғай өзенінің оңтүстік-шығысында орналасқан алқап. Алып жатқан ауданы 650 га.

Тарбағатай мемлекеттік ұлттық саябақтары осы территорияны қамтитын болады [7].

Біздің ұсынысымыз «Тарбағатай» аумағында ерекше қорғалатын Ұлттық саябақтар құру. Аймақта ерекше қорғалатын Ұлттық саябақтарды құру туризмді дамытудың жаңа бағытына айналады. Тарбағатай территориясында ерекше қорғалатын Ұлттық саябақтар құру үшін табиғи жағдайлар жасалмаған. Мәдени мұралар табиғаттың қорғау органдарында, ғылыми зерттеушілер назарында мүлдем болмаған. Бұл проблемаларды шешу арқылы аймақта ұлттық саябақтар құру, мәдени құндылықтарды сақтап қалуға, сонымен қатар бұл бірегей сұлулықты бүкіл әлемге танымал етуге үлкен себеп болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 National Geographic Guide to the National Parks of the United States, 5th Ed. Paperback – February 21, 2006.

2 Yellowstone National Park. UNESCO World Heritage Centre. Retrieved 2012-03-24.

3 History & Culture. General Grant National Memorial. National Park Service. July 25, 2006.

4 Historic Sanctuary of Machu Picchu. UNESCO World Heritage Centre. Retrieved 2012-05-06.

5 Исин А. Тарбағатайдың таңбалы тастары / XI халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2016. – 47-54 б.

6 Веденин Ю.А., Мирошниченко Н.Н. Оценка природных условий для организации отдыха // Известия АН СССР. Сер. Географическая. 1969. № 4. – С. 51-58.

7 Проект о созданий Национального парка/ «Дидар». – ВКО, 2016. – С.5.

ҒТАМР 06.71.57

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР ТУРИЗМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қапалбаева А.Д.

desire to create a single integrated space on the territory of Central Asia. To this end, concrete efforts are being made by the European Union in the form of regional projects aimed at combining the efforts of the Central Asian states in ensuring their security. The role of the European Union in the political processes in Central Eurasia is increasingly strengthening in the light of the implementation of the new European partnership strategy. To intensify cooperation with the countries of Central Asia, the EU uses the potential of partnership and cooperation agreements, programs of the European Commission and EU member states, cooperation mechanisms such as political dialogue, using various instruments of the Common Foreign and Security Policy.

If in the 90s of the last century, the integration models covered mainly the states of the post-Soviet space of the region, now there is an increasing desire to strengthen the geopolitical integrity of Central Asia, and an example of this is the SCO, which includes all the states of the region as members and observers. It is the platform of the Shanghai Cooperation Organization that allows its members and observers to bring closer positions on many international problems and soften the existing contradictions between its members and observers. It is the SCO factor that will legitimately influence the geopolitical processes in Asia in the future.

Meanwhile, at present, Central Asia has found itself under the serious influence of geopolitical factors that can impede the realization of the national interests of the states of the region. Actual problems related to water use and problems of transboundary rivers, energy supply to countries, transport and communication systems, the use of the transit potential of states, settlement of border issues in relations between neighboring states, the difference in the levels of economic development and economic relations of the states of the region, customs barriers, visa and border -passage regime, underdeveloped transport infrastructure, weak economic ties in individual countries, extreme poverty of the population, corruption, parochialism, an ever-increasing deterioration in the development of agriculture and industry, an ever-increasing outflow of the working-age population from countries, environmental and other factors threaten regional stability.

During the formation of a new model of international relations in Central Asia, «non-traditional» threats to security became actual. Cross-border phenomena such as international terrorism, religious extremism, separatism, interethnic and intra-ethnic conflicts, underground drug trafficking, illegal movement of weapons, environmental degradation, migrants equally threaten the security and stability of all states in the region.

In the context of this classification of regional security challenges, the greatest concern is caused by the conflict processes that have persisted for decades, but increasingly intensified. First of all, it is militarization and the increased conflict potential of Afghanistan. Afghanistan has long turned into a center of international terrorism, religious extremism, organized crime, drug trafficking, arms smuggling, and illegal migration. The aggravation of ethnopolitical problems gives a new impetus to the Afghan conflict.

It is also necessary to note the ethnopolitical problems in the Fergana Valley, where the interests of Tajikistan, Kyrgyzstan, Uzbekistan in the distribution of water and energy resources, issues of border settlement, the influence of the Islamic factor, aggravation of interethnic and intra-ethnic relations, drug trafficking, illegal migration, organized crime, corruption, demographic the problems are closely related. It is obvious that a number of large-scale and local permanent conflict situations are strategic here, they can acquire a decisive character as independent factors in the development of the region in the foreseeable future.

References

- 1 Buzan Barry, Ole Wever. *Regions and Powers: The Structure of International Security*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2013. – P. 34.
- 2 Кушкумбаев С. «ШОС: попытки структурирования геополитического пространства Центральной Азии». – А., 2003. – С.18.
- 3 Майтдинова А. Модели интеграции государств Центральной Азии: за и против // *Материалы международной конференции «Проекты сотрудничества и интеграции для Центральной Азии: сравнительный анализ, возможности и перспективы»*. – Бишкек, 2017. – С. 123.
- 4 Омаров Н. *Государства Центральной Азии в эпоху глобализации*. – Бишкек: ФФЭ, 2018. – С. 21.
- 5 Казанцев А.А. «Большая игра» с неизвестными правилами: мировая политика и Центральная Азия. – Москва: Наследие Евразии, 2018. – С. 236.
- 6 Лаумулин М.Т. *Интересы Запада в Центральной Азии в новых геополитических условиях // Сотрудничество стран Центральной Азии и США по обеспечению безопасности в регионе*. – Алматы: ИМЭП, 2005. – С.69.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ, ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ, ВОЕННОЕ ДЕЛО И
БЕЗОПАСНОСТЬ

LAW ENFORCEMENT, MILITARY AND SECURITY

ҒТАМР 10.67.21

ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Дүйсек С.М.

Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада алаяқтық іс-әрекеттердің мәні сонымен қатар, Қазақстандағы үлестік құрылыстағы алаяқтық іс-әрекеттердің орын алу себептері көрсетілген. ҚР-ның «Алаяқтық істері бойынша сот практикасы туралы» Заңына сәйкес алаяқтық іс-әрекеттерге анықтама берілді. Алаяқтық істер бойынша заң мамандарының еңбектеріне зерттеулер жүргізілді. Қазақстанда үлестік құрылыстағы алаяқтыққа байланысты қылмыстық істерге талдаулар жасалды. Құрлыс саласындағы заңгер мамандардың зерттеулерінің негізінде үлескерлердің алаяқтар құрбаны болған жағдайда жүзеге асыруы тиіс келесі іс-әрекеттер көрсетілді.

Түйін сөздер: алаяқтық, алдау, үлескер, құрлыс, заңнама, қылмыстық іс-әрекеттер, адам құқығы, заң бұзушылық.

Үлестік құрылыстағы алаяқтықты тергеу мәселелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысымен бекітілген «Алаяқтық істері бойынша сот практикасы туралы (29 жылғы 2017 маусымдағы өзгерістер)» Заңы негізінде реттеледі.

Ұжымдық мүлікті (заңды тұлғалардың мүлкін) иелену мақсатында алаяқтық қолсұғушылықтар меншік иелері орналасқан немесе олардың құндылықтары сақталған жерде жасалады. Жеке тұлғалардың мүлкін иеленуге бағытталған алаяқтық қол сұғушылық затын сатып алу-сату орындарында, көшелерде, вокзалдарда, жәбірленушінің немесе қылмыскердің тұрғылықты жерінде жасалады.

Алаяқтық тақырыбы, мүліктен басқа, заңды категория ретінде біреудің мүлкіне құқық болып табылады. Ол әртүрлі құжаттарда, мысалы, өсиетте, сақтандыру полисінде, белгілі бір құндылықтарды алуға сенімхатта, бағалы қағаздардың әртүрлі түрлерінде бекітілуі мүмкін. Атаулы бағалы қағазбен куәландырылған мүлктік құқықтар талаптарды (цессияны) басқаға беру үшін белгіленген тәртіппен беріледі.

ҚР-ның «Алаяқтық істері бойынша сот практикасы туралы» Заңында «алдау»-бөтеннің мүлкін ұрлау немесе бөтеннің мүлкіне құқық алу мақсатында алаяқтық жасау тәсілі деп көрсетілген. Алдау кінәлінің меншік иесін немесе мүліктің өзге иесін жаңылыстыруға көрінеу жалған, шындыққа сәйкес

келмейтін мәліметтер енгізуінен не меншік иесіне не мүлік иесіне хабарлануға тиіс, мүлік иесінде немесе өзге адамда мүліктің кінәлі адамның және (немесе) басқа адамдардың иеленуіне өтуінің заңдылығы туралы қате түсінік туғызатын шынайы фактілерді жасыруынан тұруы мүмкін [1].

Алдау нәтижесінде мүліктің меншік иесі немесе өзге де иесі жаңылыстырылған болып, мүлікті кінәлі адамға өз еркімен береді, бұл үшін негіздер бар және ол өз мүддесі үшін әрекет етеді деп пайымдайды.

Алаяқтық әдісі ретінде сенімді теріс пайдалану-кінәлі адам өзінің және меншік иесінің немесе басқа тұлғаның арасында пайда болған сенімді басқа біреудің мүлкін немесе оған құқықты пайдакүнемдік ниетпен заңсыз алу мақсатында пайдаланады. Алаяқтық жағдайында алдау ауызша да, жазбаша түрде де көрсетілуі мүмкін.

Жалған құжаттарды ұрлау кезінде пайдалану алдаудың бір түрі болып табылады. Басқа адам жасаған жалған ресми құжатты пайдалана отырып жасалған алаяқтық құрамымен толық қамтылады және Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 385-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

Егер адам құқық беретін немесе міндеттерден босататын Ресми құжатты қолдан жасап, алаяқтық жасаса, жасалған әрекетті ҚК-нің 385-бабының бірінші бөлігінде және ҚК-нің 190-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралау керек.

Алаяқтықты азаматтық-құқықтық қатынастардан ажырату үшін алаяқтық кезінде бөтен мүлікті ұрлауға немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иеленуге бағытталған ниет кінәлі адамда бөтен мүлікті немесе оған құқықты алуды көздейтін шарт жасасу сәтіне дейін және (немесе) сол кезде туындайтынын ескеру қажет.

Екі немесе одан да көп адамға қатысты алаяқтық жасаудан бірнеше рет алаяқтықтың біліктілік белгісін ажырату үшін, соңғысы бір уақытта бірдей қылмыстық әрекетпен жасалатынын есте ұстаған жөн (үлестік құрылысқа қатысушыларға, ақпараттық жүйені пайдаланушыларға және т.б. қатысты алдау). Бірнеше рет қайталанған жағдайда, бұл әрекет әр уақытта жасалады және мүлік әртүрлі көздерден ұрланады.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, алдау дегеніміз-заттардың нақты жағдайын қасақана бұрмалау, контрагенттің саналы түрде жалған ақпарат беруі, оны белгілі бір факторлар, жағдайлар, оқиғалар туралы әдейі адастыру, оны өз еркімен мүлікті алаяқтыққа беруге итермелеу[2].

Бұл тұжырымдамада алаяқтық әрекеттердің басты мақсаты – жәбірленушіні өз мүлкін алаяққа беруге шақыру көрсетілген. Алайда, бұл авторлар алаяқтықты тергеу әдістемесінің теориялық ережелеріне дәлсіздік тудыруы мүмкін алдаудың кіші түрлерін тізумен шектелді. Құқықтық тұжырымдама нақтылық пен айқындықпен ерекшеленуі керек, кез-келген қылмыстық-құқықтық ұғымды бір жақты түсінуге ықпал етуі керек.

Алаяқтыққа қатысты алдау деп азаматтар мен ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне елеулі зиян келтірген пайдакүнемдік

немесе өзге де жеке мүдделіліктен жасалған мораль мен заңға қайшы сенімді қасақана пайдалану деп түсінуге болады.

Алдаудан басқа, алаяқтық кезінде ұрлау құралы сенімге қиянат жасау да болуы мүмкін, ол арқылы азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтары мен мүдделеріне зиян келтіру мақсатында өз құқықтары мен мүмкіндіктерін құқыққа қарсы қасақана пайдалану деп түсінуге болады [3].

Бұл қылмыскер тараптардың сеніміне негізделген азаматтық-құқықтық қатынастарды (мысалы, шарттық қатынастарды) пайдаланған кезде орын алады.

Алаяқтық кезінде алдау және сенімге қиянат жасау біреудің мүлкін немесе оған құқықты алу құралы ретінде қызмет етеді. Сондықтан алдау, сенімге қиянат жасау және мүліктік пайда алу арасында себептік байланыс болуы керек, ол алдау жәбірленушінің мүлікті алаяққа беру ниетін нығайтуға ықпал еткен кезде орнатылады.

Алайда, алаяқтықтың бұл құралдарының мәні бір нәрсе: қылмыскер сендіру немесе үнсіздік арқылы жәбірленушіде мән-жайлар туралы дұрыс емес түсінік қалыптастырады және оны мүлікті немесе мүліктік құқықты екінші Тарапқа берудің пайдалылығына сендіреді.

Қазақстанда үлестік құрылыстағы алаяқтыққа байланысты 30-ға жуық қылмыстық іс тергелуде. Ол Қазақстандықтарға 3,2 млрд теңгеден астам шығын келтірілген.

2020 жылдың қыркүйек айларында үлестік құрылысқа қатысты алаяқтық бойынша 27 қылмыстық істіке тергеу жүргізілген. Аталған қылмыстық істер бойынша 305 адам жәбірленуші болып танылған. Оларға 3,2 млрд теңгеден астам сомаға материалдық залал келтірген.

Нұр-Сұлтан қаласының тергеу полициясы департаменті екі қылмыстық істі тергеуде. «Шығыс» ТК құрылыс салушысына қатысты 24 адам жәбірленуші болып танылды, залал сомасы – 184,9 млн теңге. «Экспо Нью Лайф» ТК жағдайында екі эпизод тіркелген, шығын сомасы 2 млрд теңгеден асады.

Бұдан басқа, Маңғыстау облысында «Махаббат» ТК құрылысы бойынша қылмыстық іс тергелуде, ол бойынша 21 үлескер жәбірленуші болып танылды, залал 252 млн теңгеден асты. Үлестік құрылыс бойынша барлық қылмыстық істер ПМ бақылауында, арнайы жедел-тергеу топтары құрылған [4].

ПМ Тергеу департаментінің бастығы қаржы пирамидаларының мәселесін де қозғады:

Қылмыстық істерді тергеу тәжірибесі көрсеткендей, қаржы пирамидалары-тез байып кетуді қалайтын және жоғары табыстылыққа уәде беретін агрессиялық жарнамаға қарсы тұра алмайтын біздің азаматтарымыздың соқыр сенімінің нәтижесі.

Пирамидалардың ерекшелігі-оңай және тез ақша уәде ету. Алайда, пирамидалар рұқсат етілген қаржы ұйымдарына жатпайтынын және депозиттерді қабылдауға, банктік шоттарды ашуға және жүргізуге лицензиясы жоқ екенін есте ұстаған жөн. Кіру ерікті негізде және құқықтық сүйемелдеусіз

жүзеге асырылады, яғни салынған қаражатты қайтару үшін ешқандай кепілдік берілмейді.

Қаржы пирамидаларының түрлері:

- ұзақ мерзімді / қысқа мерзімді жобаларға инвестициялау;
- желілік маркетингті пайдалану;
- жылжымайтын мүлікті, автомобильді және басқа да қымбат мүлікті сатып алу;
- эксклюзивті клубтарға мүшелік;
- тұтыну кооперативі түрінде.

Қаржы пирамидасының белгілері:

1. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі атынан қаржы реттеушісінің ақша қаражатын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясының болмауы.

2. Нарықтық деңгейден бірнеше есе жоғары кірістілік туралы уәде.

3. Жаңа қатысушыларға бұрын басқа салымшылар енгізген ақша қаражатынан ақша қаражатын төлеу.

4. Меншікті негізгі құралдардың, басқа да қымбат активтердің болмауы; ұйым қызметін дәл айқындаудың болмауы және басқалары.

Қазақстанда үлестік құрылыстағы алаяқтық ісіне ұрынбау үшін тұрғын үй құрылысының аяқталу күні міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Құрылыс салушы құрылыстың ерекшелігіне және басқа да жағдайларға байланысты оны сирек көрсетеді. Осыны ескере отырып, шарттарда көбінесе «құрылыстың аяқталуы» (мысалы: 2020 жылдың төртінші тоқсаны немесе 2020 жылдың желтоқсаны-деген тұжырымдар кездеседі.

Сондай-ақ, кепілдік мерзімі міндетті шарт болып табылады. «Тұрғын үй құрылысы туралы» ҚР Заңының 1-бабының 2-тармағында нақты тұжырым келтірілген.

Егер құрылыс салушы шартта көрсетілген күннен кешірек аяқтаса, онда азаматтық заңнама бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін үлескер мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт бойынша үлескер төлеген соманың 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) талап ете алады.

Іс жүзінде бұл тұрақсыздық айыбы сіздің араңызда жасалған шарт сомасының 10 %-нан аспауы тиіс. Егер тұрғын үй құрылысының мерзімі ұзаққа созылса және уақытша үйді жалға алу сияқты бірқатар шығындарға тап болсаңыз өз құқықтарыңызды қорғау үшін сотқа жүгіне аласыз, бірақ шартта құрылыс салушының құқықтарын айтарлықтай қорғайтын кейбір тармақтар болуы мүмкін.

Құрылыс саласындағы заңгер мамандардың зерттеулері бойынша салымшылар алаяқтардың құрбаны болған жағдайда келесі іс-әрекеттерді іске асырғаны жөн:

1. Біріншіден, сотқа жүгіну (заңды тұлғаның банкроттық рәсіміне) және компанияны осындай жағдайға әкелген құрылтайшыларды жауапқа тарту. Мұндай рәсімге құрылтайшылар жауапты болады. Шамамен айтқанда, олардың мүлкі аукционға шығарылады, аукционда сатылады және ақша несие берушілер

арасында бөлінеді. Бұл ұзақ процесс. Барлық несие берушілердің кем дегенде бір бөлігін алатындығы факт емес.

2. Екіншіден, құқық қорғау органдарына ұжымдық өтінішпен жүгіну. Қылмыстық іс жүргізу кезінде кінәлі адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға мүмкіндік бар.

3. Үшіншіден, егер сіз екі кезеңнен өткен болсаңыз, онда сіздің нысаныңызды проблемалық объектілер тізіміне енгізу үшін мемлекеттен көмек сұрау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы. [Электронный ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000006S>.

2 Астафьев Д.В. Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере купли-продажи недвижимости: Дис. канд. юрид. наук: Краснодар, 2004. – 189 с. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.lib.uar.ru.net/diss/cont/95478.html>.

3 Овчинников Е.О. «Мошенничество в сфере недвижимости и проблемы расследования данного преступления». [Электронный ресурс]. – URL: <http://sibac.info/conf/law/xix/30417>.

4 Асатов А.М., Назмышев Р.А. Мошенничество Недвижимость Потерпевший Казахстан // Вестник науки Костанайского социально-технического университета// 2016. – Костанай. [Электронный ресурс]. – URL: <https://articlekz.com/article/28326>.

ГРНТИ 10.85.51

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНЕГО НАСИЛЬСТВЕННОГО ПРЕСТУПНИКА В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Әнуарбек М.Б.

*Магистрант, Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан, с. Косшы, Акмолинский обл.*

В статье рассматриваются периоды становления личности будущего несовершеннолетнего преступника, совершающего насильственные преступления, с момента рождения и совершеннолетия. Главной целью данной статьи является изучение становления и развития личности несовершеннолетнего насильственного преступника в казахстанском обществе. Периоды жизни несовершеннолетнего предлагаем разделить на разный возрастной период, который называется пороговым возрастом: первый период – до 6 лет, второй – 6-10 лет, третий – 10-14 лет, четвертый – 14-16 лет, пятый период – 16-18 лет. Так под пороговым периодом мы подразумеваем становление несовершеннолетнего как личности в определенной возрастной категории, вовлечение в наше общество, внедрение в самые различные коллективы, будь детским садиком, школой, на улице.

Ключевые слова: несовершеннолетние, личность, насильственные преступления, пороговый возраст, общество.

Как мы знаем, личность насильственного преступника изучается с давних времен, поскольку категории тяжких преступлений вызывает больший резонанс. В данной статье мы изучаем личность несовершеннолетнего насильственного преступника. С появления Казахского ханства, появились первые уложения прав, такие как – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті Жарғы», в которых указывался минимальный брачный возраст начинается с 13-ти лет. Исходя из этого, можно предположить, что с данного возраста начиналось совершеннолетие и юноши, и девушки были ответственны за себя и свои действия. Действовавшие в те времена Суды биев за совершение противоправного деяния малолетними лицами снижали ответственность и наказание, так как понимали, что они могут не ведать, что сделали. В новейшее время преступность несовершеннолетних также остается актуальной темой для исследования для современных ученых. В целом преступность несовершеннолетних является особым показателем страны и ее

уровнем в социальном развитии. Поэтому рост преступности несовершеннолетних связан с недостаточными социальными условиями государства. Также данная категория преступности несовершеннолетних влияет на будущее казахстанского общества. С несовершеннолетними лицами, совершившими насильственные преступления нет будущего, нет развития.

Так в современном праве Республики Казахстан под несовершеннолетними предполагаем, понимать лиц не достигших 18-ти лет. При изучении личности несовершеннолетних лиц необходимо разграничивать их по пороговому возрасту (сменяемость образа жизни, переход в непривычные социальные и жизненные условия, внедрение в разнообразный коллектив). Преступность несовершеннолетних в основном определяется личностными характеристиками преступника. Изучение становления несовершеннолетнего как личности совершающего противоправные действия всегда вызывало большой интерес у ученых, поскольку ими исследуются и оцениваются характеристики механизмов их преступного поведения, определяются конкретные причины, приводящие к преступному поведению, и возраст совершения преступления. При становлении и развитии личности несовершеннолетнего насильственного преступника предлагаем разделить данную категорию по следующему возрасту:

Пороговый возраст несовершеннолетнего:

Таблица 1.

Период	Возраст	Описание
1	До 6 лет	Рождение человека, наследственность ген от родителей и предков, воспитание, становление семейных отношений, первый коллектив в детских садах и во дворе.
2	6-10 лет	Учеба в начальной школе, знакомство с новым коллективом, интерес ко всему, осознанное знакомство с интернетом, телевидением, компьютерными играми и программами. По утверждению психологов именно этот возраст приносит малолетним лицам воспоминания, и если они отрицательны то могут всплыть через определенное время, тем самым повлиять на психику.
3	10-14 лет	Переход несовершеннолетнего в среднюю школу, изменение коллектива на более взрослых людей на улице, возможны знакомства с

		потенциальным преступным контингентом. Наступает уголовная ответственность за совершение тяжких и особо тяжких преступлений.
4	14-16 лет	Осознание несовершеннолетнего себя как уже сформировавшуюся личность взрослого. Возможность закрепления в кругу преступниками, умысел совершения первых преступлений в данных группах, распитие спиртных напитков, курение.
5	16-18 лет	Получение удостоверения личности, тем самым вступает в новое социальное измерение, имея определенные навыки, может совершить насильственные преступления. Выражение своего мнения, не прислушиваясь к родителям.

На формирование, становление и развитие личности несовершеннолетнего насильственного преступника в нашем обществе влияют самые различные факторы. С момента рождения до совершеннолетия главным фактором становления как личности является семья. В семье с большими семейными ценностями несовершеннолетний более устойчив к совершению какого-либо преступления. Основными причинами насильственной преступности несовершеннолетних являются неудовлетворительные семейно-бытовые отношения, а также ближайшее окружение состоящих из друзей и знакомых. Мы полагаем, что ключевым фактором насильственной преступности несовершеннолетних является насилие в семье и его ближайшем окружении. Л.М. Прозументов, указывает на «влияние семьи на личность может носить как позитивный, так и негативный характер. Негативное влияние семьи на личность, процесс формирования негативной социализации в семье исследователи называют семейной десоциализацией. Такое явление может быть непосредственно или опосредованно связано с формированием личности преступника» [1]. В аморальных семьях с низкими нравственными качествами, плохим микроклиматом, с возникающими спорами и драками родителей, родственники, употребляющие алкогольные напитки, наносят значительный вред в становлении и развитии несовершеннолетнего как личности. Выросшие в таких условиях несовершеннолетние склонны к жестокости по отношению к себе и окружающим, так как семья подпитывало ею личность, нередко психические травмы, которые в дальнейшем могут подтолкнуть к совершению насилия. Также отрицательным фактором в развитии личности

несовершеннолетнего является его полное или частичное отчуждение от родителей. Несоввершеннолетний с полной семьей, но без какого либо влияния родителей, способствует психологическому сиротству, не удовлетворяет потребностям несовершеннолетнего желающего любви, ласки и другой эмоциональной подпитки со стороны родителей. Не стоит снижать важность материального достатка семьи, в котором формируется несовершеннолетний. Разный материальный уровень и разграничение общества болезненно воспринимается детьми и подростками. Разрыв между реальными доходами и условием жизни, невозможность достижения последних правомерными способами обусловили интенсивное вовлечение несовершеннолетних семей в криминальную деятельность или вызвали высокую степень психологической готовности к этой деятельности. Возникают конфликты на почве социально-экономических контрастов, разрешаемые, к сожалению, зачастую криминальным путем, насилием. Таким образом, несовершеннолетние насильственные преступники – лица, совершающие тяжелые противоправные действия в раннем возрасте, и тем самым, как правило, значительно труднее поддаются исправлению и в итоге составляют основной резерв для взрослой и рецидивной преступности [2]. Мы согласны с мнением авторов работы «Психология преступника и расследование преступлений», что «отсутствие необходимых психологических контактов в семье чаще всего компенсируется в малых неформальных группах. Если последние придерживаются антиобщественных ориентации, то при стремлении к членству в них их нормы и ценности сравнительно быстро и «легко» аккумулируются личностью. Чем слабее связи несовершеннолетнего с семьей, тем прочнее они с неформальным окружением вне семьи, которое может оказывать негативное влияние на подростка, стимулировать его антиобщественное поведение. Явно недостаточны у них контакты со школой и другими учреждениями и группами, которые могли бы оказать благотворное воздействие» [3].

В заключении, различные общественные социальные структуры по-разному влияют на формирование личности несовершеннолетних. Общество оказывает наибольшее влияние на формирование личности, а семья – основная ячейка социализации детей, юношей, подростков. Особое значение семьи объясняется следующим образом:

1) Семья – одна из первых контактных групп.

2) В семье проходит самый важный жизненный цикл – детство, несовершеннолетний наиболее уязвим к внешним воздействиям. В этот период зависимость несовершеннолетнего от семьи высока.

3) По сравнению с другими социальными группами, семья может больше всего влиять на отклонение несовершеннолетнего от общепризнанного кодекса поведения и системы ценностей. Эта одна из причин изучения семья в криминологии.

Современное общество предоставляет широкий спектр возможностей для реализации личности, но в то же время отдельные социальные институты в полной мере не могут справиться с задачей воспитания несовершеннолетних,

что ведет к распространению антиобщественного поведения несовершеннолетних. Сами социальные институты имеют непоследовательность в решении данной проблемы, что затрудняет выбор несовершеннолетними правильного жизненного пути. Пока эта последовательность не будет достигнута, полиция, психологи, психиатры и учителя будут продолжать отслеживать тенденцию омоложения преступности в целом, и в частности насильственная преступность.

Литература

- 1 Прокументов Л.М., Шеслер А.В. Криминология (Общая часть). – Томск: Издательский Дом Томского государственного университета, 2017. – 284 с.
- 2 Долгова А.И., Криминология. – М., 2002. – 771 с.
- 3 Антонян Ю.М., Еникеев М.И., Эминов В.Е. Психология преступника и расследования преступлений. – М., 1996. – 57 с.

ҒТАМР 10.79.91

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА КҮДІКТІНІҢ СУБЪЕКТИВТІ ҚҰҚЫҚТАРЫН ТЕРІС ПАЙДАЛАНУЫ

Мырзабекова Г.С.

*Полиция капитаны, магистрант, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Ақмола обл.*

Мақалада қылмыстық процесте «құқықты теріс пайдалану» ұғымының қалыптасуы қарастырылып, құқықтық нысаны айқындалған. Сонымен қатар тергеу тәжірибесінен алынған нақты фактілерге сүйене отырып, алдын ала тергеуде қорғау тарапынан сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдарын жүргізу кезінде өздерінің субъективті құқықтарын теріс пайдаланудың кең тараған түрлері сипатталған. Күдіктілер, сондай-ақ олардың қорғаушылары тарапынан

құқықты теріс пайдаланудың жолын кесу бойынша бірқатар құқықтық және ұйымдастыру шаралары ұсынылған.

Түйін сөздер: құқықты теріс пайдалану; күдікті; қорғаушы; жалған айғақ беру; жауап алу; қорғаушыдан бас тарту; қорғаушыны негізсіз алмастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 15-қаңтарында өткен VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде «Біздің басты мақсатымыздың бірі – адам құқықтарын толық қорғау» деп көрсетті. Адам құқықтарын қорғау мақсатында омбудсмен институтын жетілдіріп, омбудсмен туралы арнаулы заң қабылдауымыз керек деген болатын. Әрине, адам құқықтарын қорғау әр мемлекеттің міндеті болып табылады. Ол Конституциямызда да айқын бекітілген. Ал сот процесіне қатысушылардың құқықтары Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінен (әрі қарай ҚР ҚПК) кең ауқымда бекітілген. Оны қорғау құқық қорғау органдарына жүктелген. Бірақ заңнамамен берілген құқықтардың белгілі бір шеңберде жүзеге асырылуы негізделмеген. Сол себепті қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың заңнамада көрсетілген субъективті құқықтарын теріс пайдалануы тәжірибеде орын алып жатады.

Жалпы субъективті құқыққа анықтама беретін болсақ, бұл мемлекеттің адамдардың мүддесін қанағаттандыру мақсатында құқықтық нормалармен адамдарға берген мүмкіндіктері. Ал осы мүмкіндіктерді теріс пайдалану арқасында «субъективті құқықты теріс пайдалану» ұғымы пайда болды. Яғни бір ғасырға жуық уақыттан кейін ғана құқықты теріс пайдалану ұғымы қылмыстық процеске келді. Бұл қорғау құқығының дамуына байланысты пайда болған ұғым. Субъективті құқықты теріс пайдалану уәкілетті субъектінің заңсыз мінез-құлқының ерекше нысаны болып табылады. Субъективті құқықты теріс түрде жүзеге асыру үшінші тұлғаға, мемлекетке және құқықтың өзге де субъектілерінің құқықтарына зиян келтіреді. Күдіктінің, айыпталушының, қорғаушының құқықтарының саны мен сапасының артуы, өкінішке орай, кейде бұл құқықтарды теріс пайдалануға, яғни оларды заңды мүдделерде емес, керісінше әділеттілікке зиян келтіру үшін пайдаланады. Мысалы: қылмыстық іс материалдарымен танысу уақытын негізсіз созу, қылмыстық процесі ұзарту, оны іске қатысы жоқ мәселелерді талқылауға алып келу, азғыру, жалған айғақ беру, барынша сот процесіне кедергі жасау және т.б. Сондықтан доктрина, заңнама және сот тәжірибесі сөзсіз құқықты, оның ішінде қорғау құқығын теріс пайдалану туралы қылмыстық іс жүргізу тұжырымдамасын жасай бастады.

Көршілес Ресей Федерациясында субъективті құқықты теріс пайдалану мәселесі бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары мен монографиялардың саны баршылық [1, 2, 3].

Сонымен қатар шетелдерде де қылмыстық іс жүргізу қағидаларында, тіпті Конституциялық-құқықтық принциптер деңгейінде құқықты теріс пайдалану ұғымын қолдай отырып, әрі қарай дамыту үстінде. Тіпті, Швейцария Конституциясының 5-бабының 3-бөлігі азаматтарға мемлекетпен қарым-

қатынаста және бір-бірімен қарым-қатынаста құқықтарды теріс пайдалануға тыйым салады [4].

Осы жалпы құқықтық тұжырымдаманы іске асыра отырып, Швейцарияның 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне еңген жаңа қылмыстық процестік кодексі қылмыстық процестің принциптері туралы 2-тарауында құқықты теріс пайдалануға тыйым салуды бекітті. Қатаң түрде айтсақ, Кодекс ұзақ уақытқа созылған сот практикасына сәйкес келеді, онда: қанағаттандырудан бас тартылған өтініштерді қорғау жайындағы сансыз өтініш, адвокаттың сот процесін әдейі созу мақсатында істі кейінге қалдыру туралы сансыз өтініштер беруін, сот үкіміне шағымдану кезінде ғана бас тарту негіздерін көрсету тағы осы сияқты негізсіз әрекеттерді құқықты теріс пайдалану деп көрсетеді [5, 146-147 б.].

Ал Қазақстан Республикасының заңнамасында субъективті құқықты теріс пайдалану ұғымы осы уақытқа дейін қалыптаспаған. Бұл әрине бізде сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында, сот процесі уақытында күдікті немесе қорғаушы өз субъективті құқықтарын теріс пайдаланбайды дегенді білдірмейді, оған тек уәкілетті, құзырлы органдар және сот төрағасы көз жұма қарайды. Себебі, Қазақстан Республикасы Конституциясы және бірқатар халықаралық құқықтық актілермен қоса ҚР ҚПК-де жеке тұлғаны, оның құқықтары мен бостандықтарын басты назарға алады.

Заң бойынша қылмыстық процеске қатысушыларға субъективті құқықтардың кең ауқымы берілген, оларда ерікті және ұтымды қағидаттар бар, бұл адамдардың өз мақсаттары мен мүдделері үшін әрекет ету мүмкіндігін анықтайды. Осылайша, күдікті не айыпталушы өз бостандығына қол сұғылмаушылығына, жеке және мүліктік құқықтарына, мүдделеріне нұқсан келтіруге, қылмыс жасады деп негізсіз күдікке, тиісінше заңсыз және негізсіз соттауға және жазалауға жол бермеу үшін өз күш-жігерін бағыттайды.

Сонымен қатар ҚР ҚПК-нің 12-бабында «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар» деп көрсеткен [6].

Әрине бұндай заңмен көрсетілген құқықтарын қорғалушы тарап өзін сот алдында ақтап шығу үшін кеңінен пайдаланады. Қай жағынан қарасақта құқық бұзушы еш уақытта өзінің кінәсін оңайлықпен мойындамайды, әсіресе ауыр қылмыс жасағаны үшін айып тағылса. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті өзін ақтап шығу мақсатында берілген құқықтарын теріс пайдаланып жатады. Бұндай жағдайлар күдіктіге қорғаушы тағайындалғаннан кейін айқын орын ала бастайды. Себебі, сенім білдірушіге заң көмегін көрсету үшін өздерінің білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, қорғаушылар көбінесе осы мақсатта құқықтық сана мен қылмыстық процеске қатысушылардың мүдделеріне сәйкес келмейтін барлық мүмкін болатын әдістер мен «кез келген құралдарды» қолданады. Мысалы: құқықты теріс пайдалануға қылмыстық сот өндірісі кезінде күдіктіден жауап алу барысына қорғаушының жүйелі араласуын жатқызуға болады. Өз клиентіне кеңес беру құқығына сілтеме жасай отырып, қорғаушылар көбінесе сенім білдірушінің сұрақтарына дербес жауап береді немесе күдікті адамның жауабын түзетеді, ол

қорғаушының ниеті бойынша өз айғақтарын дереу өзгертеді. Қорғаушының кеңестерінде тергеуші қойған сұрақтарға дәл жауап болуы мүмкін емес деп ойлаймын, себебі, ҚР ҚПК нормаларына сәйкес, қорғаушы адамның күдікке, айыптауға, қылмыстың мән-жайына қатысты субъективті пікірі мен ұстанымын өзгерту емес, тек қылмыстық процесте айыпталушының мүддесінде әрекет етуге тиіс. Қорғаушылар тарапынан мұндай теріс пайдаланушылықтың жолын кесу мақсатында аталған шектеулер регламенттелуі тиіс.

Сонымен қатар күдіктінің тағы бір субъективті құқығы ҚР ҚПК-нің 64-бабы, 9-бөлім, 8-тармақшасында күдікті айғақ беруден бас тартуға құқылы деп көрсетілген [6], мәжбүрлі түрде айғақ алу заңнамада қарастырылмаған. Әрине бұл күдіктінің субъективті құқығы, бірақ күдікті айғақ беруге келіссе қаншалықты шынайы айғақ беретіні белгісіз, себебі, күдікті көрінеу жалған айғақ бергені үшін заңға сәйкес қандайда бір жауапкершілікке тартылмайды. Сол себепті тәжірибеде күдіктінің көрінеу жалған айғақ беріп, қылмыстық іс жүргізу органдарын адастырып жататын жағдайлар көптеп кездеседі. Күдіктінің шынайы айғақ бергенін анықтау тағыда қылмыстық іс жүргізу органдарына жүктеледі.

Бұл тұрғыда ғалымдардың ойы екіге бөлінген, бір тарап күдікті көрінеу жалған айғақ беруге құқылы, ол күдіктінің өзін-өзі қорғау тактикасы десе, екінші тарап көрінеу айғақ бергені үшін күдіктіні қылмыстық жауапкершілікке тарту керек дейді.

Бірінші ұстанымның жақтаушысы И.Л. Петрухин күдіктінің жалған айғақ беруі оның қорғалу құқығынан туындайды деп санайды, ал қарама-қарсы көзқарас «үлкен қателік және тәжірибеге зиянды», өйткені ол заңды және моральдық құқықтың араласуына мүмкіндік береді: заңды тұрғыдан алғанда, күдіктіге жалған куәлік беру фактісі заңды, өйткені күдікті ешқандай заңды тыйым мен бұйрықты бұзбайды, моральдық тұрғыдан алғанда, кез-келген өтірік айыптауға лайық, өйткені ол моральдық нормаларға қайшы келеді деген пікірде. Осы пайымдауларға сүйене отырып, ол күдіктінің айғақ бермеу құқығын мойындауға және сонымен бірге жалған айғақтар беру құқығын мойындамау қисынсыз деп тұжырымдайды [7, 15-17 б.].

Тіпті немістің атақты заңгері В. Дегенер күдіктіні көрнеу жалған айғақ бергені үшін жауапкершілікке тарту барып тұрған азаптау дейді [8].

Ал, екінші тәсілдің жақтаушысы Ю. Золотов көбінесе күдікті жалған айғақ беру кезінде болған оқиғаны ертегіше түрлендіріп, тіпті ең күлкілі және фантастикалық нұсқаларын ойлап табатындығына сүйене отырып, тергеу өтірікшілер үшін ешқандай салдарсыз ашық өтіріктің барлық нұсқаларын мұқият тексеруге міндетті, бұған қосымша уақыт кететінін айтып, күдіктіге жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеуді ұсынады [9].

Г.К. Мишин бұл ұстаныммен келісіп, ол күдіктінің «өзін-өзі айыптайтын» айғақтар бермеу құқығы оның алдын-ала тергеу мен сотта жалған айғақтар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылу міндетімен тығыз байланысты деп санайды, сондықтан оның пікірінше, айыпталушыны дилеммаға қою керек: ол

өзіне берілген құқығы бойынша үндемей, яғни айғақ беруден бас тартады немесе ол өз ісі бойынша айғақ беруді шешсе, онда тек шынайы айғақ беріп, ал көрінеу жалған айғақтар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек. Әрі қарай, автор бұл айыпталушының өзіне берілген құқығын теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілікті белгілеу туралы екенін айтады. Іс жүзінде мойындау айғағын өзгерте беру және оны өзгертуге өтініш бере беру тергеуді шатастырудың ең көп тараған тактикасы екенін ескере отырып, күдіктіге көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеуді ұсынады [10].

Шын мәнінде де күдікті айғақ беруден бас тарту құқығы заңмен айқындалып көрсетілсе, неге күдіктіге осы құқығын пайдаланбасқа, ал егер айғақ беруге келіссе шынайы айғақ беруді ескертіп, заңнамамен міндеттеу керек деп ойлаймын. Себебі, ҚР ҚПК-не сәйкес барлық сот ісіне қатысушылар (жәбірленуші, куәгер, сарапшы маман т.б.,) тек күдіктіден басқасы айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін заңға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Сонымен жоғарыда аталған құқықтарды теріс пайдалану қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерін бұзады, оған қатысушылардың құқықтарын толыққанды іске асыруына кедергі жасайды. Сонымен қатар тергеп-тексеру амалдарын толыққанды жүргізуге, сот төрелігінің заңды, әділ шешім қабылдауына да кедергі жасайды. Қандай жағдай болса да қорғалушы тарап өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдерен қорғауға тиіс. Қылмыстық іс жүргізу барысында бұндай құқықтарды теріс пайдалануға жол бермеу мақсатында сот ісін жүргізу тәжірибиесінде жүрген адамдар мен ғалымдардың күш-жігерін, ақыл-ойларын біріктіріп ұйымдастырушылық-тактикалық шешімдер мен тәсілдерді әзірлеу керек. Бұл әрине еліміздің қылмыстық процестік заңнамасын жетілдіруді қажет етеді. Әсіресе қылмыстық процеске қатысушылардың субъективті құқықтарын қолдануының шеңберін бекіту керек. Бұл әрине заңмен берілген құқықтарына шектеу қою деген сөз емес, тек сол құқықтарын тиімді қолдануды негіздеу.

Жоғарыда көрсетілген құқықты теріс пайдануға жол бермеу мақсатында қылмыстық процеске «Адалдық қағидатын» еңгізу керек. Бұл жағдайда қылмыстық процеске қатысушылардың іс жүргізу адалдығына тікелей сілтеме жасалады, оған сәйкес әркім адал және заңға сәйкес әрекет етсе, әр қатысушы құрметті және заңға бағынатын азамат болып табылады. Адамның заңға қарама қайшы жасаған әрекеті (әрекетсіздігі) тікелей оның мінез-құлқына байланысты. Сондықтан адамның мінез-құлқын бағалау үшін адалдық, адамгершілік, жақсылық пен жамандық идеясы, адалдық сияқты моральдық категорияларды қолдану қажет. Бұл адалдық қағидаты ҚР ҚПК-де көрсетілген басқа да қағидаттарға кедергі келтірмей, бір санатта орын алуы керек. Осылай моральдық котегерияларды басты назарға алсақ, ұтымды әрі әділ процестік іс жүргізуге ие болар едік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Трубникова Т.В. Злоупотребление правом в уголовном процессе: критерии и пределы вмешательства государства // Вестник Томского государственного университета. Право. – 2015.
- 2 Андреева О.И., Желева О.В. Злоупотребление обвиняемым субъективными правами и его преодоление в ходе предварительного расследования: дис. канд. юрид. Наук, – Томск, 2019.
- 3 Малиновский А.А. Злоупотребление субъективным правом: (теоретико-правовое исследование). – М.: Юрлитинформ, 2007.
- 4 Verfassung der Schweizerischen Konföderation, 18. April 1999.
- 5 Леонид Головки. Анализ ч. 2 ст. 3 УПК Швейцарии, а также другие примеры из судебной практики см.: Piquerez G., Macaluso A. Procédure pénale suisse. Genève; Zurich; Bâle, 2011.(146–147)
- 6 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуальдық Кодексі 2014 жылғы 4 шілде № 231-V ҚРЗ. //http://adilet.zan.kz/.
- 7 Петрухин И.Л. Имеют ли доказательственное значение ложные показания обвиняемого // Сов. юстиция. № 7. 1965. – с.15-17.
- 8 Degener Wilhelm § 136 a STPO und die Aussage freicheit des Beschuldigten // GA. 1992. – № 10.
9. Золотов Ю. Какой быть прокуратуре? // Законность. – 1998 г.
- 10 Мишин Г.К. О коллизиях уголовно-правовой и уголовно-процессуальной политики // Государство и право. – 2002.

ГРНТИ 10.85.51

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УЧЕНИЯ О ВИНЕ ПРИ КВАЛИФИКАЦИИ ВИНЫ ПРЕСТУПЛЕНИЯ

Байжанова К.У.

К.ю.н., ассоциированный профессор, г.Алматы

Утебасов Т.Г.

Магистрант, КазНАУ, г. Алматы

Реальные проблемы связанные с установлением вины обвиняемого и подсудимого по уголовным делам лежат, прежде всего в сфере теории и

практики доказывания вины на предварительном следствии и суде. Они возникают в результате виновности обвиняемого в совершении преступления и мотивах преступления как обстоятельствах, подлежащих доказыванию.

Ключевые слова: преступление, наказание, причинная связь, квалификации деяния, двойная форма вины, совокупность уголовных правонарушений.

В уголовно-правовом учении о вине есть нерешенные проблемы. Их позволяет выявить и разрешить психолого-правовой подход. Комплексный психолого-правовой подход к содержательному анализу понятий вины и мотива имеет значение постольку, поскольку он оптимизирует предпосылки обоснования личной ответственности и ее индивидуализации, способствует реализации принципа справедливости, а не создает простор для произвольных оценок «причастности» к преступлению игнорируя субъективную сторону последнего. Правовой и психологический аспекты в определении вины должны сочетаться, взаимодействовать, а не взаимоискажаться или противопоставляться.

Реальные проблемы связанные с установлением вины обвиняемого и подсудимого по уголовным делам лежат, прежде всего в сфере теории и практики доказывания вины на предварительном следствии и суде. Они возникают в результате виновности обвиняемого в совершении преступления и мотивах преступления как обстоятельствах, подлежащих доказыванию. Должно быть более четко определено место вины в структуре формулы обвинения.

При установлении вины по обнаруженным материальным объектам и следам поведения учитываются не материальные (физические, химические и иные) качества явлений и предметов, а их роль (в виде выбора и целевого использования) как смысловых показателей противоправного поведения лица. Выявление вины по поведенческому материалу проходит как бы два этапа: первый сводится к установлению объективных фактов, образующих внешнюю картину поведения; второй заключается в психологическом истолковании собранных объективных фактов и вычленении из них необходимой смысловой информации, чтобы понять характер деяния и содержание основных элементов его психологического механизма: мотивов, цели и средств ее достижения, образующих ядро психического отношения к содеянному.

Степень выраженности психологической стороны в преступном деянии может быть разная. Первая – достаточно очевидна для следователя и суда. Каких – либо трудностей в доказывании вины при этом обычно не возникает, так как связь сознания личности и проступка строго однозначная, например при кражах. Во втором случае психическая сторона в преступном поведении выражена недостаточно ясно или умышленно маскируется «объективными данными». При этом допускается несколько объяснений смысла преступления, каждое из которых меняет содержание вины лица и правовую оценку деяния, например при различных видах умышленных убийств. В третьем случае

содержание психической стороны происшествия, если судить только по следам поведения, вообще является непонятным. Как правило, подобная ситуация имеет место в так называемых безмотивных видах преступлений. Этим объясняется разная степень трудностей, с которыми сталкивается следователь и суд при установлении вины по различным категориям уголовных дел. Полученные поведенческие (объективные) данные о характере и содержании вины затем используются в качестве доказательственных фактов при проверке показаний обвиняемого о содержании его вины, а в необходимых случаях и для изобличения.

Следующий фактор вины связан с действием принципа презумпции невиновности. Указанный принцип действует на всех стадиях уголовного судопроизводства, включая следствие. Это значит, что с позиции следствия любой гражданин считается невиновным, пока его вина не будет установлена приговором суда. Однако между действием презумпции невиновности на следствии и в суде существует различие. На следствии (на этапе доказанности обвинения) презумпция невиновности получает лишь свое предварительное опровержение, что и является основой привлечения обвиняемого к уголовной ответственности. Соответствующее постановление следователя еще не решает вопроса о виновности обвиняемого и не обязательно для суда. Доказанность же виновного в суде означает, что презумпция невиновности в отношении него полностью прекращает свое действие. От имени государства лицо признается виновным в совершении преступления и подлежит уголовному наказанию.

Кроме того, при отсутствии доказательств признание вины обвиняемым не может быть признано. Это зафиксировано в УПК РК: «признание обвиняемым своей вины может быть положено в основу обвинительного приговора только при подтверждении признания совокупности имеющихся доказательств по делу».

Рассмотрим принцип определения вины на примере судебной практики.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан рассмотрела в судебном заседании уголовное дело в отношении Утегенова А.М. и Дядова О.В. поступившее по кассационным жалобам осужденных и адвоката.

Приговором Мангистауского областного суда от 7 марта 1998 года Утегенов А.М., 24 июля 1978 года рождения, Дядов Олег Васильевич, 17 апреля 1978 года рождения, осуждены каждый по ст. 88 ч. 1 п. «б» УК КАЗ. ССР к 8 годам лишения свободы в исправительной колонии общего режима.

По предъявленному обвинению по ст. 179 ч.2 п. «а» УК Республики Казахстан Утегенов и Дядов оправданы. Срок наказания исчислен Утегенову и Дядову с 10 сентября 1997 года.

Судом осужденные Утегенов и Дядов признаны виновными в совершении 5 сентября 1997 года умышленного убийства Мацкевича В. из хулиганских побуждений [1].

В жалобе осужденный Утегенов, не соглашаясь с приговором суда, указывает, что инициатором конфликта был сам потерпевший, который,

находясь в состоянии алкогольного опьянения, приставал к его друзьям, затем затеял ссору с ним, предложил выйти на улицу, агрессивно вел себя, пытался первым ударить его, затем он, защищаясь, ударил потерпевшего один раз, отчего тот упал, умысла убить потерпевшего у него не было. По заключению экспертизы причину смерти потерпевшего определить невозможно, просит приговор суда отменить.

Осужденный Дядов в жалобе, не соглашаясь с приговором суда, также указывает, что инициатором конфликта являлся сам потерпевший, который в состоянии сильного алкогольного опьянения приставал к их девушкам, на замечания вести себя нормально не реагировал, затеял ссору с Утегеновым, предложил ему выйти на улицу, вел себя агрессивно, выражался нецензурной бранью, пытался провести какой-то прием из восточных единоборств, после чего Утегенов, защищаясь, ударил потерпевшего один раз и тот упал, удары ногами потерпевшему он не наносил, просит приговор суда отменить и дело производством в отношении его прекратить.

В жалобе адвокат, защищая интересы осужденного Дядова, просит приговор суда отменить и дело производством прекратить по тем основаниям, что судебно-медицинской экспертизой причина смерти потерпевшего не установлена, изложенные в приговоре выводы суда о виновности осужденных Дядова и Утегенова в умышленном убийстве потерпевшего противоречат фактическим обстоятельствам дела, и, суд признавая осужденных виновными в убийстве «из хулиганских побуждений» не учел то обстоятельство, что инициатором конфликта был сам потерпевший.

Исследовав материалы дела, коллегия установила выводы суда первой инстанции о доказанности виновности осужденных Утегенова и Дядова в совершении умышленного убийства потерпевшего Мацкевича В. является обоснованными.

Виновность осужденных, несмотря на отрицание ими своей вины в суде, в полном объеме установлена совокупностью доказательств, исследованных судом.

По делу проведены пять судебно-медицинских экспертиз (первичная, дополнительная, дважды комиссионная) и одна судебно-гистологическая экспертиза.

Актом № 39 от 3 июня 1999 года заключением № 92 от 14 августа 2000 года Центра судебно-медицинских экспертиз Республики Казахстан доводы местных экспертов о том, что причиной смерти Мацкевича явилась механическая асфиксия в результате аспирации крови в дыхательные пути в состоянии алкогольного опьянения, опровергнуты путем проведения медицинских исследований.

При судебно-медицинской экспертизе трупа Мацкевича были обнаружены:

а) закрытая черепно-мозговая травма, сопровождавшаяся множественными кровоизлияниями на внутренней поверхности кожно-мышечного лоскута головы, волосистой ее части;

- б) закрытый перелом костей носа;
- в) множественные обширные кровоподтеки на коже лица вокруг глаз, в области переносицы, в скуловых областях, кровоизлияния под слизистой губ;
- г) множественные ссадины с кровоизлиянием на передней и левой боковой поверхности шеи в средней ее части, полосчатая ссадина у угла нижней челюсти слева;
- д) кровоподтеки на коже грудной клетки в проекции тела грудины;
- е) кровоподтеки на тыльной поверхности правого запястья с лучевой стороны и передней поверхности левого плеча выше локтевой ямки;
- ж) ссадины полосчатой формы в левой подвздошной области и в правой подколенной ямке.

Общее количество телесных повреждений, обнаруженных при исследовании трупа Мацкевича В. не менее двадцати.

Все телесные повреждения прижизненного происхождения, образовались они незадолго до наступления смерти от многократного травматического воздействия тупого твердого предмета с ограниченной контактирующей поверхностью, каковым могла быть вооруженная и невооруженная рука постороннего, стопа обутой ноги и другие предметы.

В заключение этой проводившейся последней комиссионной экспертизы отмечается, что неполное, поверхностное, недостаточно квалифицированное исследование трупа Мацкевича при первичном исследовании не позволяет судебно-медицинской экспертной комиссии определить не только характер закрытой черепно-мозговой травмы, полученной потерпевшим, но и вред здоровью, обусловленный этой травмой.

